В условиях Республики Казахстан профессиональное развитие педагогов начальных классов также получает системную нормативно-правовую и методическую поддержку. Так, Постановление Правительства Республики Казахстан № 471 от 8 июля 2021 г. утвердило Концепцию обучения в течение всей жизни (непрерывное образование) как основу государственной политики в сфере образования. В исследовании казахстанских авторов подчёркивается, что переход от парадигмы повышения квалификации к парадигме непрерывного профессионального развития педагога — одна из базовых задач модернизации педагогической системы страны. Для учителей начальных классов это означает расширение спектра форм профессионального

обучения (курсы, сетевые сообщества, цифровые платформы) и усиление роли посткурсового сопровождения с учётом национальных особенностей и образовательных инициатив Казахстана. Их основная цель — не просто обновление знаний, а формирование метакомпетенций, которые обеспечивают способность педагога действовать в изменяющейся образовательной среде

Понятие профессиональной мобильности в педагогической деятельности сегодня приобретает особую актуальность. Оно включает не только способность педагога адаптироваться к изменениям, но и готовность активно осваивать новые навыки, методы, технологии, проявлять инициативу в самообразовании и профессиональном общении. В совокупности с идеей непрерывного образования профессиональная мобильность формирует основу устойчивого профессионального развития педагога и напрямую влияет на качество образовательного процесса [2].

Профессиональная мобильность — это способность специалиста оперативно реагировать на изменения в социально-профессиональной среде, осваивать новые технологии, адаптироваться к инновациям и эффективно применять их в своей деятельности. Для педагога она предполагает гибкость мышления, вариативность методов обучения, открытость инновациям, готовность к профессиональной рефлексии и самооценке.

В контексте педагогики профессиональная мобильность проявляется в нескольких аспектах:

- когнитивном — овладение современными педагогическими знаниями и инструментами;
- деятельностном — готовность к применению инновационных методик искусственного интеллекта в образовательном процессе;
- личностном — развитие мотивации к самосовершенствованию, эмоциональной устойчивости и лидерских качеств [3].

Для учителей начальных классов профессиональная мобильность особенно важна, поскольку они работают с детьми, находящимися на этапе формирования базовых учебных и коммуникативных навыков. Гибкость, адаптивность и способность выстраивать индивидуальные образовательные маршруты становятся определяющими показателями профессиональной компетентности.

Принцип непрерывного образования педагога отражает идею постоянного профессионального и личностного совершенствования. Сегодня этот процесс выходит за рамки курсов и включает различные формы самообразования, наставничества, участия в профессиональных сообществах, сетевых проектах, исследовательской и инновационной деятельности.

Современные программы повышения квалификации для учителей начальных классов включают модули, направленные на развитие следующих направлений:

- цифровая грамотность и использование электронных образовательных ресурсов;
- проектная и исследовательская деятельность обучающихся начальных классов;
- формирование функциональной грамотности и образовательных действий;
- развитие soft skills и эмоционального интеллекта педагога;
- методы психолого-педагогической поддержки обучающихся [4].

Таким образом, непрерывное образование становится фактором не только профессионального роста педагога, но и повышения качества образовательного процесса в целом.

Повышение квалификации педагогов — ключевой инструмент реализации концепции непрерывного профессионального образования. Для учителей начальных классов важным является практико-ориентированный подход, позволяющий соотносить полученные знания с реальными задачами педагогической практики.

Ключевые задачи курсов повышения квалификации:

1. Реализация ценностно-ориентированного подхода в начальной школе.
2. Развитие исследовательской и проектной деятельности обучающихся начальной школы.
3. Формирование читательской грамотности на уроках литературного чтения.
4. Развитие эмоциональной устойчивости и культуры педагогического общения.
5. Поддержка мотивации педагога к саморазвитию и педагогическому исследованию.

В ходе курсов создаются условия для активного взаимодействия слушателей, обмена опытом, проведения мастер-классов, проектной и исследовательской деятельности. Особое внимание уделяется формированию soft skills — критического мышления, креативности, коммуникации и сотрудничества, что является основой педагогического успеха.

Практические результаты прохождения курсов выражаются в повышении качества методической подготовки, развитии уверенности в использовании цифровых инструментов, а также в укреплении личностных позиций педагога как субъекта образовательных преобразований.

Одним из актуальных направлений системы повышения квалификации становится посткурсовое сопровождение педагогов. Его цель — создание условий для закрепления и развития полученных компетенций, а также для оказания методической и психологической поддержки педагогу в период внедрения новых практик в свою деятельность.

Формами посткурсового сопровождения являются:

- индивидуальные консультации и наставничество;
- дистанционные методические семинары, вебинары, воркшопы;
- профессиональные сообщества и форумы педагогов;

- практикумы, сетевые мастер-классы и педагогические кейс-студии;
- участие в программах педагогического коучинга и супервизии.

Для учителей начальных классов посткурсовое сопровождение особенно ценно, так как оно позволяет получить обратную связь, обменяться результатами внедрения новых технологий, скорректировать профессиональные действия. Такая форма работы способствует формированию профессиональной рефлексии и развитию эмоциональной устойчивости, снижая риск профессионального выгорания.

Современная педагогическая практика требует от учителя не только предметных знаний, но и развитых гибких навыков (soft skills), обеспечивающих эффективность взаимодействия, управление эмоциями и умение работать в команде.

Ключевые soft skills для педагога начальной школы включают:

- коммуникацию — способность налаживать доверительные отношения с детьми, родителями и коллегами;
- эмпатию — умение понимать эмоциональное состояние обучающегося и корректно реагировать на него;
- креативность — поиск нестандартных подходов к обучению;
- саморегуляцию — управление своими эмоциями и поведением в стрессовых ситуациях;
- лидерство и наставничество — способность вдохновлять и направлять.

Эмоциональный интеллект (EQ) является неотъемлемой частью профессиональной культуры педагога. Он обеспечивает способность осознавать собственные эмоции, понимать чувства других людей и использовать это понимание для эффективного взаимодействия.

Развитие эмоционального интеллекта в системе повышения квалификации педагогов осуществляется через:

Жәрменкелі ұйымдастыру кезендері

Дайындық кезеңі – сынып жетекшілері мен оқушылар арасында кездесулер өткізіліп, өнім түрлері, жауапкершіліктер мен қауіпсіздік ережелері талқыланды.

Өнім дайындау – әр сынып өз өнімін әзірледі: тағам, колөнер бұйымдары, экологиялық таза заттар. Жәрменке күні – мектеп залы безендіріліп, оқушылар өз өнімдерін адал түрде ұсынды. интерактивные тренинги и психолого-педагогические практикумы;

- моделирование педагогических ситуаций;
- техники эмоциональной саморегуляции и стресс-менеджмента;
- групповую рефлексию и кейс-анализ.

Так как развитие эмоционального интеллекта является одним из ключевых направлений в системе повышения квалификации педагогов, поскольку от способности педагогов понимать и регулировать собственные эмоции, а также эффективно взаимодействовать с окружающими, во многом зависит психологический климат в коллективе и качество образовательного процесса. Для формирования этих компетенций в рамках программ профессионального развития используются различные подходы и практические инструменты [4]. Например, техники эмоциональной саморегуляции помогают педагогам осознавать и контролировать собственные эмоциональные состояния. Например, упражнение «Эмоциональный барометр» позволяет участникам отслеживать уровень своего эмоционального напряжения, анализировать причины стрессовых ситуаций и осваивать способы восстановления внутреннего равновесия. Кроме того, эффективным методом является кейс-анализ, который способствует развитию навыков эмпатии и конструктивного реагирования в сложных педагогических ситуациях. В ходе разбора конкретных кейсов, например, конфликтов между педагогом и родителями, педагоги учатся распознавать эмоции всех участников взаимодействия, выявлять причины недопонимания и находить пути для эмоционально грамотного разрешения конфликтов.

Эти подходы способствуют формированию благоприятного эмоционального климата в классе, укрепляют доверие между педагогом и обучающимися, повышают качество педагогического взаимодействия. Профессиональная мобильность и непрерывное образование педагога являются системообразующими факторами качества современного образовательного процесса. Для учителя начальных классов, выполняющего ключевую роль в становлении личности ребёнка, профессиональное развитие становится неотъемлемым условием успешной педагогической деятельности.

Курсы повышения квалификации и система посткурсового сопровождения обеспечивают комплексную поддержку педагогов, направленную не только на обновление знаний, но и на развитие эмоциональной устойчивости, soft skills и профессиональной рефлексии. Для успешной реализации этих задач важно, чтобы педагоги умели целенаправленно формировать универсальные навыки у обучающихся в ходе каждого этапа урока.

Ниже представлены практические материалы, которые могут стать инструментом для педагогов в организации уроков, направленных на развитие soft skills у обучающихся.

Таблица 1 демонстрирует примеры приёмов, способствующих развитию мягких навыков на разных этапах урока, а Таблица 2 — конкретные виды заданий по предметам, направленные на формирование ключевых компетенций обучающихся.

Этап урока	Пример приёма	Развиваемые Soft Skills
Мотивация	Игра «Комплимент»	Эмпатия, коммуникация
Целеполагание	Мозговой штурм	Саморегуляция
Изучение нового	Сторителлинг, мини-кейс	Критическое мышление
Рефлексия	Метод «Светофор»	Самоанализ

Таблица 2: Примеры заданий для уроков

Soft Skill	Пример задания	Предмет
Коммуникация	Интервью с одноклассником	Русский язык, Познание мира, Естествознание
Креативность	Придумать новое правило игры	Математика, Естествознание, Физическая культура
Эмпатия	Как помочь герою рассказа	Русский язык, Литературное чтение
Сотрудничество	Групповая аппликация «Smart Bala»	Естествознание, Художественный труд

Создание условий для непрерывного образования педагога, его вовлечения в профессиональные сообщества и поддержку инициативы — важная задача современного института развития образования. Именно педагог, обладающий профессиональной мобильностью, способен эффективно отвечать на вызовы времени и обеспечивать качество образования в условиях постоянных изменений.

Использованная литература:

1. «Об утверждении Концепции обучения в течение всей жизни (непрерывное образование)». Дата публикации: 08.07.2021. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000471>
2. Койшигулова, Л., Шугаева, Г., Курмангазиева, Г., Нурсултанова, Г. Условия, механизмы перехода от парадигмы «повышение квалификации» к парадигме «непрерывное профессиональное развитие педагогов». Journal of Educational Sciences, 2024.
3. Сардарова Ж. И., Аутаева А. Н., Рсалдинова А. К., Кемешева А. М. Эмоциональный интеллект как основной показатель готовности современных педагогов к профессиональной деятельности в условиях цифровизации и инклюзивного образования // Journal of Educational Sciences. — 2021. — Том 67, № 2. — С. 28-37. DOI:10.26577/JES. 2021.v67.i2.04.
4. Тургунбаева Б.А., Агыбай К.Е. «Сущность и содержание понятия «профессиональная мобильность». Вестник КАЗНПУ имени Абая. Серия: педагогические науки. Том 73 № 1 (2022)



«КҮЗГІ АСАР» ЖӘРМЕНКЕСІ – АДАЛ ЕҢБЕК ПЕН ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕСІ

Сагындыкова Гульдана Мырзабековна,

п.ғ.магистрі, жаратылыстану-математикалық бағыт кафедрасының меңгерушісі,
«Өрлеу» БАҰО «АҚ Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институт филиалы»

Шокаева Салтанат Бекеновна,

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Ақкөл ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ

Андатпа:

Мақалада «Адал азамат» бағдарламасы аясында өткізілген «Күзгі асар» қайырымдылық жәрменкесінің тәрбиелік және әдістемелік тиімділігі қарастырылған. Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларды адал еңбекке, бірлікке және ізгілікке баулу. Мақалада педагогикалық процестегі еңбек тәрбиесінің, адалдық пен әлеуметтік жауапкершілік дағдыларының қалыптасу жолдары талданған. Авторлар тәжірибелік деректер мен ұлттық дәстүрді сабақтастыра отырып, мектептегі тәрбие жұмысының мазмұнын байытудағы «Күзгі асардың» маңызын айқындайды. Зерттеу нәтижелері бұл іс-шараның құндылыққа бағытталған тәрбиенің тиімді моделі екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: Адал азамат, тәрбие, мектеп, күзгі жәрменке, әлеуметтік дағдылар, кәсіпкерлік, моральдық құндылықтар.

Қазіргі қоғамда тұлғаның табысты болуын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі – оның құндылықтық және адамгершілік бағдарларының қалыптасуы. Білім беру процесі енді тек академиялық білім берумен шектелмей, рухани-адамгершілік және әлеуметтік құзыреттерді дамытуға бағытталып отыр. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының білім саясатының маңызды бағыты — тәрбиенің тұжырымдамалық жаңа үлгісі болып табылатын «Адал азамат» бағдарламасы [1]. Бұл бағдарлама білім алушылардың адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, әділдік және ізгілік қасиеттерін тәрбиелеуге негізделген. Бағдарлама аясындағы «Еңбегі адал жас өрен» жобасы балаларды еңбек арқылы тәрбиелеу идеясын жаңғыртады, ұлттық салт-дәстүрмен байланыстыра отырып, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін арттырады. Бағдарлама аясында арнайы жобалар мен іс-шаралар қатары оқушылардың белсенділігін арттыратын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыратын жобалар енгізілген. Олардың ішінде «Қамқор» – мейірімділік пен жанашырлыққа баулу, «Шабыт» – шығармашылық пен өнерді дамыту, «Еңбегі адал – жас өрен» – еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Осы бағыттағы ең тиімді іс-шаралардың бірі — «Күзгі асар» қайырымдылық жәрменкесі, ол тек мерекелік сипатта ғана емес, сонымен қатар құндылыққа бағытталған тәрбиенің тәжірибелік алаңы ретінде де қарастырылады.

Тәрбиенің теориялық іргетасы Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы, Л. С. Выготский, В. А. Сухомлинский сынды педагог-ғалымдардың еңбектерінде қаланған. Олар баланың дамуы мен тұлғалық қалыптасуында еңбек пен ұжымдық әрекеттің шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді.

Қазақ педагогикасының классигі Жүсіпбек Аймауытов еңбегінде:

«Еңбек тәрбиенің негізгі өзегі, бала еңбексіз адамдық қадірді түсінбейді», – деп атап өткен [2].

Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша, баланың жеке тұлға болып қалыптасуы оның әлеуметтік тәжірибеге енуімен тығыз байланысты. Демек, жәрменке сияқты ұжымдық іс-шаралар оқушының қоғамдық өмірге араласуын қамтамасыз етіп, оның әлеуметтену деңгейін арттырады.

В. А. Сухомлинскийдің гуманистік педагогикасы еңбектің тұлғаның рухани байлығын қалыптастырудағы рөлін ерекше көрсетеді:

«Адам еңбексіз рухани биіктікке көтеріле алмайды, еңбек — адамгершіліктің қайнар көзі» [3].

Сондықтан мектеп тәжірибесінде еңбек пен ізгілікті ұштастыру білім алушының адамгершілік болмысын дамыту құралы ретінде қаралады. Демек, «Күзгі асар» секілді ұжымдық еңбекке негізделген жоба ұлттық педагогиканың қағидаттарымен толық үйлеседі. Бүгінгі таңда тұлға тәрбиесі құндылыққа негізделген білім беру тұжырымдамасымен ұштасуда. Бұл тәсіл білім алушылардың азаматтық, моральдық және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған. «Адал азамат» бағдарламасы осы тұжырымдаманы жүзеге асыратын ұлттық үлгі болып табылады.

«Күзгі асар» іс-шарасының негізгі идеясы – адал еңбек арқылы қоғамға пайда әкелу және бірлік құндылығын сезіну.

Іс-шара үшін негізгі кезеңдеуі: Дайындық кезеңі. Мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің басшылығымен оқушылар өнім түрлерін анықтап, жоспар құрды. Бұл кезеңде балалардың ұйымдастырушылық қабілеті,

жауапкершілігі, топта жұмыс істеу дағдылары дамыды. Негізгі кезеңде, мектеп алаңы мен сынып бұрыштары жәрмеңкеге арналған тақырыптық безендірумен көркейтілді. Әр сынып өз өнімін ұсынып, сауда жүргізу барысында қатынас мәдениеті, қаржы сауаттылығы, адал бәсекелестік ұғымдарымен танысты. Қорытынды кезең, әрине іс-шара соңында белсенді сыныптар марапатталып, жиналған қаражат қайырымдылық қорына аударылды. Бұл кезең балалардың ішкі уәжін, өз еңбегіне деген мақтаныш сезімін арттырды. 1-ші кестеде тәрбиелік тиімділік және әдістемелік талдау кестесіне назар аударайық.

Кесте 1. Тәрбиелік тиімділік және әдістемелік талдау

	Тәрбие/дағды бағыты	Мазмұны
1	Еңбек тәрбиесінің күшеюі	Білім алушылар өз қолымен жасаған өнімнің құндылығын түсініп, еңбектің рухани және материалдық нәтижесін сезінді. Бұл еңбекке құрмет пен табандылық сезімін тудырады.
2	Адалдық пен әділдік дағдыларын дамыту	Жәрмеңке барысында әділ сауда жүргізу, нақты есеп-қисапты сақтау арқылы білім алушылар адал әрекеттің өмірдегі маңызын тәжірибе жүзінде меңгереді. Бұл олардың азаматтық ұстанымын қалыптастырады.
3	Ұжымдық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру	Топтық жұмыс білім алушылар өз пікірін білдіру, тыңдау, келісу, бір-біріне көмектесу мәдениетін үйретеді. Бұл — эмоционалды интеллект пен бірлескен шешім қабылдау дағдыларын дамыту құралы.
4	Ұлттық құндылықтарды жаңғырту	«Асар» дәстүрі — қазақ халқының рухани мұрасының көрінісі. Мектеп тәжірибесінде бұл дәстүрді жаңғырту балаларды ұлттық мәдениетке, рухани сабақтастыққа және елжандылыққа тәрбиелейді [4].
5	Қайырымдылық пен әлеуметтік жауапкершілік	Жиналған қаражаттың игі іске жұмсалуды білім алушылардың бойында мейірімділік, ізгілік және әлеуметтік жауапкершілік сезімдерін оятады. Бұл – тұлғаның адамгершілік дамуының көрсеткіші.

Осы сияқты іс-шаралар білім алушылардың тұлғалық дамуына, құндылықтық бағдарын қалыптастыруға және ұжымдық мәдениетін жетілдіруге ықпал етті. Еңбек, адалдық, ізгілік және әлеуметтік жауапкершілік идеялары арқылы тәрбиенің тұтастығы мен өмірмен байланысы айқын көрініс тапты.

Педагог бұл процесте тек ұйымдастырушы емес, құндылықтық бағыт беруші тұлға болып табылады. Ол іс-шараны жоспарлау, жүзеге асыру және рефлексия кезеңдерінде оқушыларды жүйелі ойлауға, өз әрекетіне баға беруге баулиды. Педагогикалық тұрғыдан мұндай іс-шара оқыту мен тәрбиенің интеграциясын қамтамасыз етеді. Мұғалімнің басты міндеті – әр білім алушының әлеуетін ашу және оның қоғам алдындағы жеке жауапкершілігін сезіндіру.

Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді білім бөлімі бойынша білім бөлімі Сейфуллин ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 2025-2026 оқу жылында ұйымдастырған жәрмеңкенің мақсаты мен міндеттеріне тоқталайық.

Күзгі Асар – еңбектің, бірліктің және ізгіліктің мерекесі. Күз – молшылық пен берекенің, ал адал еңбек – табыстың бастауы. Осы ұстанымды басшылыққа алған «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Сакен Сейфуллин ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Күзгі Асар» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – білім алушылардың еңбексүйгіштік қасиетін арттыру, өз қолымен жасаған еңбегінің қадірін түсінуге баулу және жиналған қаражатты игі іске бағыттау болды.

Жәрмеңкені ұйымдастыру кезеңдері

1. Дайындық кезеңі – сынып жетекшілері мен оқушылар арасында кездесулер өткізіліп, өнім түрлері, жауапкершіліктер мен қауіпсіздік ережелері талқыланды.

2. Өнім дайындау – әр сынып өз өнімін әзірледі: тағам, қолөнер бұйымдары, экологиялық таза заттар.

3. Жәрмеңке күні – мектеп залы безендіріліп, оқушылар өз өнімдерін адал түрде ұсынды.

Жәрмеңке күні мектеп қабырғасы ерекше көңіл-күйге бөленді. Әр сынып өз бұрышын әсем безендіріп, түрлі тағамдар мен қолдан жасалған бұйымдарын ұсынды. Қолдан жасалған тосаптар, піскен бөліштер, көкөністер мен жемістер — бәрі де күздің берекесін сездірді. Білім алушылар ағаш, жапырақ, күзгі дәнді дақыл, жеміс-жидектерден әзірлеп әкелген өз еңбектерін паш етті. Кейбір сыныптар табиғи өнімдерден жасалған сусындар мен тәттілер сатса, енді біреулері ұлттық тағамдар мен қолөнер бұйымдарын дәм татуға ұсынды. Жәрмеңке барысында «Ең үздік өнім», «Көркем безендірілген бұрыш», «Ең белсенді қатысушы» сияқты номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталды. Бұл іс-шара білім алушылардың жүрегіне мейірім ұялатты, адал еңбектің қадірін ұғынуға себеп болды.

«Күзгі Асар» жәрмеңкесі – тек өнім сату емес, ізгілік пен еңбектің мерекесі. Мұндай шаралар

оқушыларды ынтымаққа, жауапкершілікке, адал еңбек етуге баулиды. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы арқылы өсіп келе жатқан ұрпақ еңбектің қадірін түсініп, қоғамға пайдалы болуға ұмтылатыны сөзсіз.

Жәрмеңке барысында оқушылар топ ішінде үйлесімді жұмыс істеді, өз пікірін білдіруді, әріптестерін тыңдауды үйренді. Сонымен қатар, сауда процесі әлеуметтік тәжірибені байытты: тұтынушы мен сатушы рөлін тәжірибеден өткізу балаларға коммуникацияны, икемділік пен жауапкершілікті үйретті.

«Адал азамат» тәрбие жоспары аясында әр әрекет моральдық тұрғыдан қаралды: өнімді адал түрде дайындау; сауда кезінде дұрыс баға белгілеу; табыс пен шығынды адал есептеу; қайырымдылыққа бөлісу (кірісті мектеп жобаларына бағыттау). Осы арқылы оқушылар адалдық, жауапкершілік, әділдік сияқты құндылықтарды практикада көрді.

Күзгі жәрмеңке «Адал азамат» тәрбие жоспарының негізінде өткізілген іс-шара ретінде мектепте тәрбиелік, әлеуметтік және кәсіпкерлік мәні бар шара болды. Бұл іс-шара білім алушылардың еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастырумен қатар, олардың қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілігін арттырды.

Педагогикалық ұсыныстар

1. Әр сыныпқа жеке жауапкершілік беру;
2. Өнімді дайындау және ұсынуда адалдық принципін сақтау;
3. Қайырымдылық пен әлеуметтік жобаларды міндетті түрде қосу;
4. Нәтижелерді талдау арқылы рефлексия жүргізу.

«Күзгі асар» іс-шарасы — дәстүр мен заманауи тәрбиенің өзара үйлесім тапқан үлгісі. Ол тек мереке ғана емес, практикалық құндылықтық білім берудің тиімді моделі.

Іс-шараның теориялық және тәжірибелік нәтижелері төмендегідей:

- оқушылардың еңбексүйгіштік, адалдық және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттері нығайды;
- ұлттық құндылықтар мен қазіргі заманғы азаматтық тәрбие өзара тоғысты;
- ұжымдық әрекет арқылы тұлғаның коммуникативтік және эмоционалдық құзыреттілігі дамыды;
- мектептің тәрбие кеңістігі ізгілік пен еңбектің мәдениетін бекітті.

Осылайша, «Күзгі асар» іс-шарасы білім алушыларды құндылыққа бағытталған тұлға ретінде тәрбиелеудің тиімді тәжірибесіне айналды. «Күзгі асар» іс-шарасы — мектептегі тәрбиенің теориясы мен тәжірибесін біріктіретін тиімді үлгі. Оның басты ерекшелігі — ұлттық құндылықтар мен қазіргі заманғы құзыреттілікке бағытталған тәрбиенің өзара үйлесімі. Іс шара барысында білім алушылар еңбек дағдыларын меңгеріп қана қоймай, адалдық, әділдік, ұжымдық бірлік және мейірімділік ұғымдарының өмірлік мәнін түсінеді. Бұл іс-шараның педагогикалық құндылығы — оқушының жеке тәжірибесі арқылы моральдық қасиеттерді қалыптастыруында. Ұжымдық әрекетке негізделген жәрмеңке барысында балалар жауапкершілік, табандылық және өз еңбегіне деген құрмет сезімін бойына сіңіреді. Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған қайырымдылық элементі оқушыларды қоғамға пайдалы іс атқаруға ынталандырады. Мұғалім үшін «Күзгі асар» іс-шарасы оқыту мен тәрбиенің интеграциясын жүзеге асырудың нақты құралы болып табылады. Ол педагогқа білім алушылардың әлеуетін ашуға, құндылыққа негізделген көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, «Күзгі асар» тәжірибесі оқушыларды ұлттық мәдениетке сүйенген ізгілікке, адал еңбек пен азаматтық санаға тәрбиелеудің заманауи әдістемелік шешімі ретінде қарастырылады. Бұл модель мектептегі тәрбие жұмысының инновациялық және өмірмен байланысты бағытын айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. «Адал азамат» бағдарламасы. 26.05.2025ж., № 123 — Астана, 2025.
2. Аса көрнекті қаламгер, ағартушы, педагог, журналист Жүсіпбек Аймауытұлының 135 жылдығына орай «Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытұлының рухани мұрасы: ұлттық идея, мәдениет және көркемдік құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. — Шымкент, 2023 жыл. — 158 бет.
3. Сухомлинский В. А. Сердце отдаю детям. — Москва: Педагогика, 1982. <https://www.ospu.ru/about-university/biblioteka/virtualnyie-vyistavki/serdce-otdayu-detyam.-ko-dnyu-uchitelya>
4. Сыздықова Р. С. Құндылыққа бағытталған білім берудің әдістемесі. — Алматы: Қазақ университеті, 2020.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ: ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Жамантаева Жанар Катаевна,

қоғамдық-гуманитарлық бағыт кафедрасының меңгерушісі

«Өрлеу» БАҰО «АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты»

Оқу сауаттылығы функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде жеке мақсаттарға жету және қоғамдық өмірге қатысу үшін мәтіндерді түсіну, пайдалану және талдау қабілеті ретінде анықталады. Қазіргі білім беру жағдайында мәтіндерді талдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыру өте маңызды, бұл әсіресе PISA зерттеуінің бөлігі ретінде маңызды. Алайда, мектепте әр түрлі іс-шаралар болып табылатын «талдау» және «түсіндіру» ұғымдарының өзгеруі жиі кездеседі. Мәтінді талдау - оның құрылымын, қақтығысын және бейнелі жүйесін зерттеу, ал интерпретация - мазмұнды шығармашылық түсіндіру. Соңғысы әдеби процестің маңызды бөлігі болып табылады және шығармашылық тапсырмаларды орындауға негізделген. Бұл ретте оқытуға жаңа мүмкіндіктер ашатын білім беруді цифрландыруды қоса алғанда, заманауи сын-қатерлерді ескеру маңызды. Сондай-ақ, сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратпен жұмыс істей білу және мәселелерді шешуге креативті көзқарас дағдылары сияқты Мета-пәндік құзыреттіліктерді дамытуға баса назар аудару қажет.

Мәтінмен жұмыс істеу кезеңдері үш негізгі қадамды қамтиды. Біріншісі - дайындық жұмыстарын, алғашқы оқуды және мәтінді эмоционалды бағалауды қамтитын бастапқы синтез. Екіншісі-шығарманы талдау, оның барысында композиция, хронотоп, сюжет, қақтығыс және кейіпкерлердің бейнелері зерттеледі. Ол үшін көркем бөлшектерді егжей-тегжейлі бекітетін кестелерді пайдалануға болады. Мұғалім оқушыларға процесті жеңілдету үшін әдістемелік нұсқаулар мен талдау үлгілерін ұсына алады. Үшіншісі-қайталама синтез, оның нәтижесі иллюстрациялар, диафильмдер, комикстер, сценарийлер немесе Mind Map жасау сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындау болып табылады. Материалды бекітуге және оны оқушылардың жеке тәжірибесімен байланыстыруға көмектесетін практикалық әрекеттер арқылы оқуды түсіну қажеттілігін атап өту маңызды.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін мәтінді мұқият оқу, әсерлерді жазбаша бекіту, авторлық идеяны анықтау үшін мәтінмен диалог, шығарманың өзіндік түсіндірмесін жасау, сыни әдебиеттермен жұмыс жасау және мәтіннің шығармашылық интерпретациясының қорытынды дизайны бар алгоритм ұсынылады.

Бұл алгоритмді қадамдарды қосу немесе жеңілдету арқылы оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлеріне бейімдеуге болады. Рефлексия кезеңіне ерекше назар аудару керек, осылайша студенттер өздерінің жетістіктерін түсініп, жақсарту бағыттарын анықтай алады.

Шығармашылық тапсырмалардың мысалдарына диафильмдер жасау, мәтіннің негізгі оқиғаларын көрсететін кредиттері бар иллюстрациялар сериясы жатады. Жұмыс істеу үшін PowerPoint, Movavi және Tilda сияқты сандық құралдар қолданылады. Комикстер шығармашылық және сыни ойлауды дамыта отырып, кейіпкерлердің диалогтары мен әрекеттеріне баса назар аудара отырып, иллюстрациялар арқылы сюжеттер жасауға мүмкіндік береді. Mind Map Xmind және Mindomo құралдарын пайдаланып мәтіннің композициялық ерекшеліктерін визуализациялауға көмектеседі. Әңгімелеу дағдыларын дамытатын Animate бағдарламаларын қолдана отырып, мәтінге негізделген цифрлық әңгімелер құруды қамтиды. Бейнелер мәтін мазмұнын медиа арқылы түсіндіреді және Adobe Premiere немесе Canva Video сияқты құралдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Интерактивті көрмелер оқушыларға командалық жұмыс дағдыларын дамыта отырып, ArtSteps немесе Google Slides платформаларын қолдана отырып, оқылған мәтінге негізделген макеттерді жасауға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар мен ұсынылған шығармашылық тапсырмалар қазақ тілі сабақтарында оқу және тілдік сауаттылықты дамыту үшін сәтті пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, Абай Құнанбаевтың немесе басқа авторлардың шығармалары негізінде диафильмдер жасау шығарманы тереңірек түсінуге, негізгі оқиғаларды түсінуге және көрнекі құралдар арқылы мәтінге деген көзқарасыңызды білдіруге көмектеседі. Қазақ тіліндегі комикстер кейіпкерлердің диалогтары арқылы эпостың немесе «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» сияқты халық ертегілерінің мазмұнын көрсете алады. Mind Map көмегімен күрделі мәтіндерді визуализациялау қазақ тілінің грамматикасын, мысалы, етістік категорияларын немесе синтаксистік конструкцияларды есте сақтауды жеңілдетеді. Сторителлинг зерттелетін мәтіндер негізінде Қазақстанның маңызды оқиғалары немесе мәдени дәстүрлері туралы цифрлық әңгімелер жасауға, мысалы, көрнекті қазақ ақынының өмірбаянын

ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі шығармалардан үзінділер оқылатын бейнероликтер сияқты мультимедиялық жобалар мәнерлеп оқу және аудиовизуалды ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын дамытады. LearningApps сияқты платформаларды пайдалана отырып, қазақ ертегілері немесе мифтері негізінде жасалған интерактивті квесттер оқушыларды ойын форматы арқылы тілді белсенді үйренуге тартады. Цифрлық технологияларды пайдалану мектепте шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бұл тәсіл оқу сауаттылығын дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және бірегей өнімдер-интерпретацияларды жасауға ықпал етеді. Мұғалімнің міндеті-көркем мәтіндерді мағыналы және қызықты зерттеуге ықпал ете отырып, заманауи құралдарды білім беру процесіне біріктіру. Сонымен қатар, сараланған тәсіл үшін жағдай жасай отырып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Қазіргі білім беру процесінде оқу сауаттылығы оқушылардың жалпы білім беру деңгейінің ажырамас бөлігі ретінде маңызды орын алады. Оқу сауаттылығы мәтінді қабылдау, түсіну, түсіндіру және сыни тұрғыдан түсіну қабілетін қамтиды. Білім беруді цифрландыру жағдайында бұл дағды әсіресе өзекті болады, өйткені қазіргі қоғам адамнан үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу, мәтіндерді тез қабылдау және талдау дағдыларын талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиетін қоса алғанда, тіл пәндерін оқыту процесіне цифрлық технологияларды енгізу материалдарды тереңірек түсінуге, сыни ойлауды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады және оқушылардың ынтасын арттырады.

Қазіргі мектеп оқушылары ерте жастан бастап цифрлық ресурстармен белсенді өзара әрекеттеседі, бұл олардың ақпаратты қабылдауын көп тапсырмалы және көп қабатты етеді. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға цифрлық технологияларды енгізу оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ете отырып, сабақтарды қызықты әрі серпінді етуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық, интерактивті және ойын элементтері сияқты сандық құралдарды қолдану мәтіндерді оқу және талдау процесін байытады. Бейнелер, презентациялар, анимациялар және инфографика сияқты мультимедиялық ресурстар оқу сауаттылығын дамытуда шешуші рөл атқарады, өйткені олар мәтінді қабылдауды күшейтетін визуалды және аудиовизуалды бейнелер жасайды. Мысалы, С.Сейфуллиннің «Заманның ұлы» сияқты қазақ әдебиетінің шығармаларын зерделеу кезінде мәтінде сипатталған маңызды тарихи және мәдени оқиғаларды бейнелейтін тұсаукесерлерді пайдалануға болады. Авторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы бейнероликтер оқушыларға шығармалардың мәнмәтінін жақсы түсінуге және уақыт атмосферасына енуге мүмкіндік береді.

Мысалы, қазақ халық эпосын зерделеу кезінде оқушыларға мәтінді нақты мәдениетпен байланыстыруға және талдау дағдыларын дамытуға көмектесетін маңызды көріністерді визуализациялау үшін анимацияны пайдалануға болады. Мұндай мультимедиялық элементтер қабылдауды жақсартуға көмектеседі және оқығандарыңызды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Padlet, Google Docs және Edmodo сияқты интерактивті платформалар да оқу сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Мұндай құралдарды қосу шығармаларды ұжымдық талқылауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, әр оқушыға мәтінді талдау процесін динамикалық ете отырып, өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, Абай Құнанбаев сияқты қазақ жазушыларының шығармаларын талдау кезінде мұғалім оқушыларға мәтіннің негізгі тұстарын бөліп көрсететін, кейіпкерлердің сезімдерін сипаттайтын және авторлық әңгімелеу техникасын талқылайтын бірлескен құжат жасауды ұсына алады. Платформада жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар өз жазбаларын ұсынып, оларды сыныпта талқылай алады, бұл шығарманы тереңірек түсінуге көмектеседі. Электрондық кітаптармен және мәтіндік редакторлармен жұмыс істеу оқушыларға шығармаларды оқып қана қоймай, мәтінмен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді: жазбалар жасау, маңызды үзінділерді бөлектеу, сонымен қатар өз ойларын басқа қатысушылармен бөлісу. Бұл оқушыларға талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі, өйткені олар қайта түсіну үшін мәтіннің күрделі бөліктеріне орала алады.

Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында, «Қобыланды батыр» шығармасын оқу кезінде оқушылар аннотация үшін электрондық мәтінді пайдалана алады. Олар кейіпкердің мінезін ашатын негізгі ойларды бөліп көрсете алады және автордың өз ойлары мен эмоцияларын жеткізу үшін тілді қалай қолданатынын түсінуге көмектесетін түсініктемелер жаза алады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын технологияларын қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда және оқу сауаттылығын дамытуда да өзінің тиімділігін дәлелдеді. Kahoot және Quizlet сияқты платформалар мұғалімдерге оқылған материалға негізделген викториналар, тесттер мен пікірталастар ұйымдастыруға арналған құралдарды ұсынады. Ойын әдістері оқушыларды мәтіндермен белсенді жұмыс істеуге ынталандырады және оқу процесіне қатысуды арттырады. Мысалы, Абай Құнанбаевтың өлеңдеріне арналған сабақта мұғалім Kahoot платформасында викторина құра алады, онда оқушылар өлеңнің негізгі тұстары туралы сұрақтарға жауап береді. Мұндай интерактивті элементтер оқушылардың білімін тексеріп қана қоймай, олардың мәтінді терең талдау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Заманауи цифрлық ресурстар электрондық деректер базасына және ғылыми жарияланымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл оқушыларға қазақ авторларының шығармаларын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай платформаларды пайдалану оқушылардың ақпаратты өз бетінше іздеу және талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі, бұл оқу сауаттылығының маңызды бөлігі болып табылады. Мысал: Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын зерттеу кезінде оқушылар Google Scholar оның шығармаларын талдауға арналған ғылыми мақалаларды іздеу үшін қолдана алады. Қажетті материалдарды тапқаннан кейін оқушылар Әуезовтің қазақ әдебиетінің дамуына және оның әлемдік әдебиеттегі орнын талқылай отырып, өз зерттеулерін сыныпта ұсына алады.

Сонымен қатар, ғалымдардың зерттеулері оқу сауаттылығын дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін растайтынын атап өткен жөн. Мысалы, М.И.Кузнецованың (2021) зерттеуі мультимедиялық және интерактивті технологияларды қолдану мәтіндерді қабылдау мен талдау деңгейін едәуір арттыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, А.А. Дьякованың (2020) зерттеуіне сәйкес, білім беру процесін цифрландыру оқушылардың сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді, бұл оқу сауаттылығының ажырамас бөлігі болып табылады. Цифрлық технологияларды оқу процесіне сәтті біріктіру үшін әртүрлі ресурстарды пайдалану ғана емес, оларды оқу мақсаттарына дұрыс бейімдеу де маңызды. Мұғалім уақыт талабына сай болу және оқушыларға цифрлық дәуірде оқу сауаттылығын дамытуға көмектесу үшін цифрлық құралдар арсеналын үнемі жаңартып отыруға дайын болуы керек. Абай Құнанбаевтың өлеңдерін талдау кезінде Quizle платформасын пайдалануға болады.

Абай Құнанбаевтың өлеңдерін талдау кезінде Quizlet платформасын ақын философиясымен байланысты терминдер мен ұғымдармен карточкалар жасау үшін пайдалануға болады. Оқушылар материалды өз бетінше қайталай және бекіте алады, сонымен қатар өз нәтижелерін сыныптастарымен бөлісе алады. Білім беруді цифрландыру оқу сауаттылығын дамыту үшін жаңа көкжиектер ашады.

Мультимедиялық материалдар, интерактивті платформалар, электрондық кітаптар және дерекқорлар сияқты заманауи цифрлық ресурстар оқушылар сыни ойлауды дамыта алатын, қазақ әдебиеті туралы білімдерін тереңдете алатын және мәтіндерді талдау дағдыларын жетілдіре алатын бай білім беру ортасын жасайды. Педагогтер цифрлық ресурстарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына біріктіре отырып, оқушылардың зерттелетін шығармаларға деген қызығушылығын едәуір арттырады, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді және мәтінмен мағыналы жұмыс істеу қабілетін дамытады. Заманауи технологиялар оқушыларды оқуды терең түсінуге ынталандыру және олардың ақпаратты өз бетінше іздеу, мәтінді сыни тұрғыдан түсіну және цифрлық әлем жағдайында ақпаратпен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін дамыту арқылы оқу процесін қол жетімді және қызықты етеді.

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі білім беру үдерісінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа көкжиегін ашады. ЖИ технологиялары оқытуды жекелендірілген, интерактивті және тиімді етуге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығы мен аналитикалық ойлауын дамытуға ықпал ететін бейімделген білім беру платформаларын құру, мәтіндерді Автоматты талдау, интерактивті жаттығулар мен оқытудың басқа да инновациялық әдістерін әзірлеу үшін ЖИ пайдалануға болады. ЖИ пайдаланудың негізгі артықшылықтарының бірі - оқытуды жекелендіру мүмкіндігі. ChatGPT сияқты платформалар оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмаларды бейімдей алады. Мысалы, қазақ тілінің грамматикасын зерделеу кезінде ЖИ әр оқушының біліміндегі жеке олқылықтарды ескере отырып, автоматты түрде жаттығулар жасай алады. Егер оқушы белгілі бір грамматикалық құрылымды түсінуде қиындықтарға тап болса, ЖИ материалды тереңірек игеруге ықпал ететін қосымша мысалдар мен түсініктемелер бере алады.

ЖИ мәтіндерді автоматты түрде талдау үшін де қолданыла алады, бұл әдебиеттерді зерттеуде пайдалы. Мысалы, табиғи тілді өңдеу алгоритмдерінің көмегімен оқушылар қазақ авторларының шығармаларының мәтіндерін талдай алады. ЖИ негізіндегі бағдарламалар мәтіннің негізгі ойларын бөліп көрсетуге, жасырын мағыналарды табуға, кейіпкерлердің мінезін талдауға және шығармалардың негізгі идеяларын анықтауға қабілетті. Бұл студенттерге әдеби шығармаларды тереңірек түсінуге және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Қазақ тілін оқыту үшін ЖИ оқушыларға оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау дағдыларын жетілдіруге көмектесетін виртуалды ассистенттер немесе репетиторлар түрінде де қолданыла алады.

Мысалы, сөйлеуді тану бағдарламаларының көмегімен оқушылар қазақ тілінің нормаларына қаншалықты сәйкес келетіні туралы лезде кері байланыс ала отырып, сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын пысықтай алады. Бұл әсіресе қазақ тілін ана тілі ретінде үйренушілер үшін пайдалы, өйткені мұндай тәжірибе ауызша сөйлеу дағдыларын тез жақсартуға көмектеседі. Duolingo немесе LingQ сияқты ЖИ негізіндегі интерактивті платформалар қазірдің өзінде тілдерді оқытуда белсенді қолданылады және оларды қазақ тіліне бейімдеуге болады.

Бұл платформалар лексикалық және грамматикалық дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығуларды оқу, тыңдау, аудару және орындауды қамтитын тапсырмаларды ұсынады. Мұндай қосымшаларды пайдалану оқушыларға тапсырмаларды ойын түрінде орындау арқылы жаңа материалды тиімді игеруге көмектеседі. Тағы бір инновациялық шешім - шығармашылық тапсырмаларды жасау үшін генеративті ЖИ модельдерін қолдану. Мысалы, оқушыларға қазақ тілінде эссе жазу, содан кейін мәтінді грамматикалық қателер мен стилистикалық сәйкессіздіктерге тексеру үшін ЖИ қолдану ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар, ЖИ оқушыларға жазу дағдыларын дамытуға көмектесу арқылы сюжетті немесе дәлелді дамыту идеяларын ұсына алады. Бұл әсіресе мәтінмен мағыналы және шығармашылық өзара әрекеттесуді қажет ететін әдебиеттерді зерттеу кезінде өте маңызды. ЖИ негізіндегі виртуалды симуляциялар мен чат-боттар қазақ тіліндегі диалогтарды ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай құралдар студенттерге күнделікті әңгімелерден бастап күрделі әдеби тақырыптарды талқылауға дейінгі әртүрлі өмірлік жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар виртуалды сұхбаттасушымен диалогқа қатыса алады, ол зерттелген шығарманың мазмұны туралы сұрақтар қояды, оларды мәтінді талдауға және өз ойларын қазақ тілінде білдіруге шақырады. Жасанды интеллект автоматтандырылған тесттер жасау және бағалау үшін де қолданыла алады.

Жасанды интеллект автоматтандырылған тесттер жасау және бағалау үшін де қолданыла алады.

Мысалы, ЖИ негізіндегі жүйелер қазақ тілі мен әдебиеті бойынша тест тапсырмаларын жасауға, олардың орындалуын тексеруге және егжей-тегжейлі кері байланыс беруге қабілетті. Бұл мұғалімдерге жұмысты тексеруге уақытты үнемдеуге және әдістемелік жұмысқа назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай жүйелер бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді, бұл әсіресе жаппай оқыту жағдайында маңызды. Оқу сауаттылығын кеңейту үшін оқушылардың қызығушылықтары мен дайындық деңгейіне байланысты қазақ тілінде кітаптар мен мақалалар ұсынатын жасанды интеллект негізіндегі ұсынымдық жүйелерді пайдалануға болады. Мұндай жүйелер оқушыларды жаңа мәтіндерді үйренуге және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ынталандыру арқылы оқудың жекелендірілген тәсілін жасауға көмектеседі.

Заманауи зерттеулер білім беру процестерінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігін растайды. Мысалы, Educational Technology Research and Development (2022) журналында жарияланған зерттеу деректеріне сәйкес, ЖИ технологияларын қолдану оқушылардың мотивациясын арттыруға, оқу нәтижелерін жақсартуға және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті контекстінде бұл артықшылықтар ерекше маңызды, өйткені олар тілді меңгеруге ғана емес, зерттелетін шығармалардың мәдени және тарихи аспектілерін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті пайдалану оқушылар мен педагогтардың алдында оқытуға кең мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект технологиялары студенттер жаңа материалды игеріп қана қоймай, талдау, сыни ойлау және шығармашылық дағдыларын дамыта алатын инновациялық білім беру ортасын құруға көмектеседі. АИ-ді білім беру процесіне енгізу оқуға деген қызығушылықты арттыра отырып, оқуды әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, цифрлық технологиялар оқу процесін жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі қоғамда қажетті құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, олар мектеп оқушыларының жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілік сезімін дамытады, бұл әсіресе кәсіби өмірге дайындық жағдайында маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.
2. Абишева М.Т. Қазақ әдебиетін талдау арқылы метапәндік дағдыларды қалыптастыру. – Алматы: Ана тілі, 2019ж.
3. Айтжанова Г.К. Қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың интерактивті әдістері.. – Шымкент: М. Ауэзов ат. университет, 2022ж.
4. Баймуханова Л.Р. Цифрлық білім беру платформаларының қазақ тілін үйренуге әсері. Қарағанды: Болашақ - Баспа, 2023.
5. Грахова С.И. Диафильм как прием интерпретации народной сказки. – 2023ж.
6. Епарская Е.В. Читательская грамотность: материалы всероссийского форума. – 2020ж.
7. Зерттеу «Мектептер үшін PISA». Оқырман нұсқаулығы. – 2020ж.
8. Жолдыбаева А.С. Цифрлық технологияларды қазақ тілін оқытуға интеграциялау: заманауи тәсілдер – Алматы: Қазақ университеті, 2020ж.
9. Сулейменова Э.Д. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайындағы оқу сауаттылығы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021ж.



ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ПЕДАГОГТІН СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Самуратова Рауза Туkenовна,
қоғамдық-гуманитарлық бағыт кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика және психология ғылымдарының магистранты
«Өрлеу» БАҰО «АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты»

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – баршаға тең мүмкіндіктер ұсынатын инклюзивті ортаны құру. Мұндай ортада педагог тек пәндік біліммен шектелмей, сонымен қатар сыни ойлау, шығармашылық шешім қабылдау, рефлексия және психологиялық бейімделу қабілеттерімен қарулануы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2023) және 2020–2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың тұжырымдамасы сыни тұрғыдан ойлауды, инклюзивті білім беруді және мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту міндеттерін нақтылап береді. Бұл құжаттарда «педагогтің кәсіби дербестігін арттыру», «білім алушылардың жеке әлеуетін дамыту», және «инклюзивті орта қалыптастыру» бағыттары айқындалған. Осы тұрғыдан заңнамалық негіз ғылыми-теориялық тұжырымдарды білім саясаты және практика деңгейінде жүзеге асырудың шарттарын белгілейді.

Инклюзивті ортадағы педагогтің кәсіби дамуы мен шешім қабылдау үдерісінде сыни тұрғыдан ойлаудың рөлі айрықша. Бұл ұғымның теориялық негіздері әлемдік педагогикалық ойдың классиктері — Джон Дьюи (John Dewey, 1933) мен Роберт Эннис (Robert Ennis, 2011) еңбектерінде терең қарастырылған. Дьюи сыни тұрғыдан ойлауды тәжірибеге негізделген рефлексивті ойлау үдерісі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, адам өз іс-әрекетіне талдау жасап, дәлел мен салдар арасындағы байланысты іздеген кезде ғана шынайы білім қалыптасады (How We Think). Бұл көзқарас педагогтің кәсіби тәжірибесін ұдайы талдап, оны жетілдіруге ұмтылуының маңызын көрсетеді.

Эннис Дьюидің идеясын дамытып, сыни тұрғыдан ойлауды білім мен іс-әрекет сапасын арттыратын когнитивтік қабілет жүйесі ретінде қарастырады (Critical Thinking: Reflection and Perspective). Оның тұжырымдамасы мұғалімнің ақпаратты бағалау, талдау, дәлелдерді саралау және негізделген шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге қажеттілігін айқындайды.

Осы екі ғалымның еңбектері қазіргі педагогикадағы сыни тұрғыдан ойлаудың теориялық және әдіснамалық негізін қалыптастырып, мұғалімнің ойлау мәдениеті мен кәсіби рефлексиясын дамытуда негізгі тірек болып табылады. Бұл идеялар қазақстандық ғалымдар еңбектерінде (Қ.Құдайбергенова, С.Мирсейітова, М.Жадрина, Ә.Жүнісбек) жалғасын тауып, педагогтің кәсіби ойлау мәдениетін ұлттық контексте дамыту бағытында маңызды рөл атқарады.

Осы бағыттағы еңбектердің ішінде С. Мирсейітова (2014) зерттеуі ерекше орын алады. Ғалым Дьюи мен Эннис идеяларына сүйене отырып, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын қазақстандық мектеп тәжірибесіне бейімдеді. Ол мұғалімнің кәсіби дамуы оның ойлау мәдениетінің өзгеруінен басталатынын дәлелдеп, сыни ойлауды тұлғалық және кәсіби рефлексияның өзегі ретінде қарастырады. Оның ұсынған моделі бұл үдерісті құндылықтық, рефлексивті және практикалық компоненттер арқылы жүзеге асырады. Осылайша, Дьюи мен Эннистің теориялық тұжырымдамалары Мирсейітованың тәжірибелік-әдістемелік моделінде нақты педагогикалық құралға айналып, мұғалімнің кәсіби ойлау мәдениетін жетілдірудің тиімді жолдарын көрсетеді. Бұл байланыс инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің сыни және рефлексивті ойлау құзыреттілігін дамытуға берік ғылыми-тәжірибелік негіз қалайды.

С.Мирсейітова өз еңбектерінде: «Мұғалімнің кәсіби дамуы – оның ойлау мәдениетінің өзгеруінен басталады», – деп атап көрсетеді. Бұл тұжырым қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында ерекше мәнге ие. Себебі мұғалімнің ойлау тәсілі мен педагогикалық шешім қабылдау ерекшелігі әр баланың жеке әлеуетін ашуға тікелей ықпал етеді. Егер педагогтің ойлауы догматикалық, қалыптасқан стереотиптерге негізделсе, ол түрлі оқушылардың дара мүмкіндіктерін ескеруде қиналады. Ал сыни тұрғыдан ойлай алатын педагог әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, оқу процесін бейімдеудің тиімді жолдарын іздейді.

Инклюзивті сыныптағы педагогтің қызметі күрделі, көпқырлы және эмоционалды жүктемесі жоғары. Мұндай жағдайда мұғалімнің тек әдістемелік құзыреттілігі ғана емес, сонымен қатар когнитивтік, этикалық және рефлексивтік ойлау дағдылары да ерекше маңызға ие. Сыни тұрғыдан ойлайтын педагог оқу процесінде туындайтын әрбір жағдаятты талдап, дәлелдерге сүйене отырып, баланың мүддесіне сай шешім қабылдайды. Мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін оқушы тапсырманы орындаудан бас тартқан жағдайда, мұғалім бұл әрекетті біржақты тәртіп бұзу деп емес, күрделі педагогикалық жағдаят ретінде қабылдайды. Ол ең алдымен әрекеттің себептерін — уәждің төмендігі, қорқыныш, өзіндік сенімсіздік немесе әлеуметтік факторлар

— тұрғысынан талдап, тиісті педагогикалық қолдау стратегиясын таңдайды. Бұл — сыни ойлаудың тәжірибедегі нақты көрінісі.

Қ.Құдайбергенова сыни тұрғыдан ойлауды педагогтің кәсіби автономиясының негізі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, мұғалім өз тәжірибесіне сырт көзбен қарап, оны талдай алмаса, кәсіби жаңару жүзеге аспайды. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлау педагогті өз тәжірибесін үздіксіз жетілдіруге итермелейтін кәсіби өзін-өзі дамыту тетігі болып табылады.

М.Жадрина өз еңбектерінде педагогикалық рефлексияны білім берудің инновациялық даму факторы ретінде сипаттап, мұғалімнің ойлау мәдениеті мен инклюзивті ортадағы кәсіби бейімделу арасында тығыз байланыс бар екенін дәлелдейді. Ғалым мұғалімнің рефлексивті және аналитикалық ойлау қабілеттерін инклюзивті мектептердегі табысты практиканың негізгі шарты ретінде қарастырады.

Ал Ә.Жүнісбек сыни тұрғыдан ойлаудың ұлттық дүниетаныммен байланысын ерекше атап өтеді. Оның пікірінше, шынайы сыни ойлау тек логикалық талдауға ғана емес, рухани-адамгершілік пайымдауға да негізделуі тиіс. Бұл идея инклюзивті білім берудің гуманистік және адамгершілік қағидаттарымен үндес келеді.

Осылайша, қазақстандық ғалымдардың еңбектері көрсетіп отырғандай, сыни тұрғыдан ойлау — педагогтің кәсіби дамуының, тұлғалық кемелденуінің және инклюзивті қоғамға бейімделуінің негізгі факторы. Сыни тұрғыдан ойлайтын мұғалім:

- әр баланың даралығын мойындайды;
- шешім қабылдауда эмоция мен дәлелдің арасындағы тепе-теңдікті сақтайды;
- өз тәжірибесін үнемі сараптап, жетілдіріп отырады;
- оқыту процесін тек білім берудің емес, құндылық қалыптастырудың алаңы ретінде қарастырады

Мұндай ойлау мәдениеті педагогтің кәсіби әрекетін автоматтандырылған дағдылар деңгейінен шығарып, оны зерттеуші, рефлексивті және саналы шешім қабылдай алатын тұлғаға айналдырады. Сондықтан инклюзивті білім берудің сапасы мен нәтижелілігі ең алдымен педагогтің сыни тұрғыдан ойлау құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Осындай кәсіби ойлау мәдениетін дамыту бағытында «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы (БАҰО) ұйымдастыратын курстардың рөлі ерекше. Инклюзивті білім беру бағытындағы бұл курстардың мазмұнында педагогтердің сыни тұрғыдан ойлау құзыреттілігін дамытуға арналған инновациялық және креативті әдістер кеңінен қолданылады. Курстың басты ерекшелігі — дәстүрлі дәріс пен практикалық тапсырмаларды шығармашылық, зерттеушілік және рефлексивтік форматта ұштастыруында. Курс барысында тыңдаушылар тек ақпарат алушы емес, өз тәжірибесін сын тұрғысынан зерделейтін, шешім табушы, жобалаушы тұлға ретінде әрекет етеді.

Осы мақсатта келесі заманауи тәсілдер тиімді қолданылады:

1. Дизайн-ойлау (Design Thinking) әдісі — нақты педагогикалық мәселені шешудің креативті жолдарын табуға бағытталған бес кезеңді шығармашылық цикл: эмпатия — мәселені анықтау — идея ұсыну — прототип жасау — сынақтан өткізу. Мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін оқушының оқу мотивациясын арттыру бойынша бейімделген тапсырмалар мен визуалды құрал үлгілерін әзірлеу мұғалімдердің креативті және сыни ойлау қабілеттерін ұштастырады.
2. Эдьютейнмент (Edutainment) элементтері — оқыту үдерісіне ойын, бейнеқұрал, ситуациялық театр, квест сияқты форматтарды енгізу арқылы эмоционалды эмпатия мен рефлексияны арттыру. Мысалы, «Инклюзивті мектеп күні» атты ойын барысында тыңдаушылар түрлі рөлдерде (оқушы, ата-ана, психолог, мұғалім) әрекет етіп, инклюзивті ортадағы өзара байланыстарды талдайды.
3. Фасилитациялық сессиялар — топтық ойталқы мен пікірталасқа негізделген сабақтар. Мұнда қатысушылар бірлесіп идея ұсынып, дәлел мен қарсы дәлел келтіреді, баламалы шешімдер іздейді. Бұл тәсіл педагогтердің бір-біріне сенім білдіру және сындарлы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.
4. Визуалды сторителлинг (Visual Storytelling) — нақты инклюзивті тәжірибені постер, комикс, инфографика сияқты визуалды форматта бейнелеу арқылы аналитикалық және шығармашылық ойлауды дамыту әдісі.
5. «Мұғалім-зерттеуші» (Teacher Inquiry) жобасы — курс соңында тыңдаушылар өз тәжірибесіндегі нақты мәселе бойынша шағын зерттеу жүргізіп, қорытынды мен ұсыныс әзірлейді. Бұл олардың дерек талдау, пайымдау және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіреді.

Осы инновациялық тәсілдердің барлығы педагогтердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытудың тәжірибелік алаңы ретінде қызмет етеді. Нәтижесінде тыңдаушылар инклюзивті білім беру жағдайында мәселелерді кешенді талдап, деректер мен дәлелдерге сүйеніп, тиімді педагогикалық шешім қабылдай алатын кәсіби тұлғаға айналады.

Мұндай әдістер мұғалімнің тек білімін толықтырумен шектелмей, оның кәсіби рефлексиясын, шешім қабылдау мәдениетін және зерттеушілік ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, инклюзивті ортада аса қажет эмпатия, икемділік және ашық ойлау қасиеттерін қалыптастырады. Осы бағыттағы курстардың нәтижесінде тыңдаушылар оқу процесіне жаңаша көзқараспен қарап, әр баланың ерекшелігіне бейімделген әдістемелерді өз тәжірибесіне енгізіп, сын тұрғысынан және креативті ойлайтын кәсіби тұлғаға айналады. Мысалы, курс барысында тыңдаушыларға мынадай жағдаят ұсынылады: «Сыныпта оқитын ерекше білім беруді қажет ететін оқушы сабақта тапсырманы орындаудан бас тартады. Мұғалімнің әрекеті қандай болу керек?» Бұл тапсырма қатысушыларды проблемалық ойлау, эмпатиялық түсіну және рефлексивті шешім

қабылдау тұрғысынан ойлануға жетелейді. Осындай жағдаяттық тапсырмалар сыни ойлау дағдыларын нақты практикалық контексте дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагог тек білім беруші емес, сонымен қатар бағалаушы, кеңесші, зерттеуші және рефлексивті практик болып табылады. Мұндай рөлдерді тиімді орындау үшін мұғалімнің сыни тұрғыдан ойлау құзыреттілігі жоғары болуы шарт. Сондықтан біліктілікті арттыру курстарында осы құзыреттілікті дамытуға бағытталған тренингтер, тәжірибелік талдаулар мен шағын зерттеу жобалары кеңінен қолданылуы қажет.

Сыни тұрғыдан ойлау педагогке білім беру процесін адамгершілік пен дәлелге сүйене отырып ұйымдастыруға, әр оқушының даралығын ескеруге және әділ шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл – инклюзивті педагогиканың негізі болып табылатын теңдік пен құрмет қағидаттарымен үйлесетін кәсіби ойлау моделі.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру табысты болуы үшін педагогтердің кәсіби ойлау мәдениеті сыни және рефлексивті бағытта дамуы қажет. Сыни тұрғыдан ойлау – инклюзивті мұғалімнің басты кәсіби құралы ғана емес, сонымен бірге оның адамгершілік ұстанымының, кәсіби автономиясының және шығармашылық әлеуетінің көрсеткіші. Демек, педагогтің сыни тұрғыдан ойлау құзыреттілігін дамыту – инклюзивті білім берудің сапасын арттырудың және әрбір баланың табысты әлеуметтенуінің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2023.
2. 2020–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың тұжырымдамасы.
3. Ennis, R. (2011). Critical Thinking: Reflection and Perspective. Inquiry Journal, 26(1).
4. Dewey, J. (1933). How We Think. Boston: D.C. Heath.
5. Mirseitova, S. (2014). Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы және оны сабақта қолдану. Алматы.
6. Gardner, H. (2011). Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences. Basic Books.
7. Выготский, Л.С. (1991). Мышление и речь. Москва: Педагогика.
8. Құдайбергенова, Қ. (2018). Мұғалімнің кәсіби дамуы және сыни ойлау мәдениеті. Алматы.



ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Кабдушева Алия Жумадиловна,
қоғамдық-гуманитарлық бағыт кафедрасының аға оқытушысы,
«Өрлеу» БАҰО «АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты»

Аннотация

Бұл мақалада шет тілін оқыту үдерісінде оқушылардың тілдік қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудағы интерактивті тәсілдердің рөлі мен маңызы қарастырылады. Автор коммуникативтік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін, интерактивті әдістердің түрлерін және олардың сабақ барысында қолданылу тиімділігін талдайды. Тәжірибе барысында “Think–Pair–Share”, рөлдік ойын, жобалық жұмыс, дебат сияқты әдістердің оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға ықпал ететіні анықталды. Эксперименттік жұмыс нәтижелері интерактивті тәсілдердің оқушылардың сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын және ынтасын дамытудағы жоғары тиімділігін дәлелдеді.

Түйін сөздер: шет тілі, интерактивті тәсілдер, тілдік қарым-қатынас, коммуникативтік құзыреттілік, оқыту әдістері.

Abstract

This article examines the role and significance of interactive methods in developing students' linguistic communicative competence in foreign language teaching. The author analyzes the structural components of communicative competence, as well as the types and effectiveness of interactive methods applied in the classroom. The study reveals that methods such as “Think–Pair–Share”, role play, project work, and debates enhance students' speaking activity and motivation. The experimental results prove the high efficiency of interactive approaches in improving students' communication skills, vocabulary, and engagement in the learning process.

Keywords: foreign language, interactive methods, linguistic communication, communicative competence, teaching techniques.

Нормативтік сілтемелер

Бұл мақала келесі нормативтік құжаттарға сүйенеді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2020 ж. толықтыруларымен);
- ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС, 2022 ж.);
- «Шет тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру деңгейі);
- «Дифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2025 жж.);
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік нұсқау хаттары.

Анықтамалар

Коммуникативтік құзыреттілік – тұлғаның тілдік білімін қарым-қатынас жағдайында тиімді пайдалана білу қабілеті.

Интерактивті оқыту тәсілдері – мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігіне негізделген, оқушының белсенді танымдық іс-әрекетін арттыратын әдістер жиынтығы.

Тілдік қарым-қатынас құзыреттілігі – тілдік, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық және дискурстық дағдылардың кешені, ол оқушыға өмірлік жағдаяттарда шет тілінде еркін қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты бағыты – оқушының функционалдық сауаттылығын және коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Шет тілін оқытудағы басты мақсат – оқушыларды шынайы өмірде тілдік құралдарды еркін қолдануға үйрету. Осы тұрғыдан алғанда, интерактивті тәсілдер оқушылардың белсенді қатысуына, ынтымақтастықта жұмыс істеуіне және тілдік дағдыларды табиғи ортада қалыптастыруына ықпал етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік ұғымы және құрылымы

Коммуникативтік құзыреттілік – шет тілін меңгерудің түпкі нәтижесі болып табылатын, тілдік білім мен дағдыны түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында тиімді қолдану қабілеті. Ол тіл үйренушінің өз ойын нақты, түсінікті және мәдени контекстке сай жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ғалымдар Д. Хаймз, М. Канал және М. Суэйннің зерттеулерінде коммуникативтік құзыреттілік бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады:

Тілдік (linguistic competence) – грамматикалық құрылымдарды, сөздік қорды, фонетикалық және орфографиялық нормаларды меңгеру;

Дискурстық (discourse competence) – мәтін мен байланысты сөйлеуді логикалық, құрылымды түрде

ұйымдастыра білу;

Социомәдени (sociocultural competence) – сөйлеу мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерді, этикет нормаларын түсіну және сақтау;

Стратегиялық (strategic competence) – тілдік қиындықтарды жеңу үшін коммуникация стратегияларын (қайта сұрау, синоним қолдану, ым-ишара пайдалану т.б.) қолдану қабілеті.

Осы компоненттердің біртұтас дамуы оқушының шет тілінде еркін және сенімді қарым-қатынас жасауына жағдай жасайды. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін сабақта тілдік білімді жаттанды емес, **нақты қарым-қатынас жағдаяттарында қолдану** маңызды.

Интерактивті тәсілдердің маңызы

Қазіргі әдістемеде интерактивті тәсілдер шет тілін үйретудің ең тиімді жолдарының бірі болып саналады. «Интерактивті» ұғымының түбірі interaction — өзара әрекет, байланыс деген мағынаны білдіреді. Демек, интерактивті оқыту – бұл мұғалім мен оқушының, сондай-ақ оқушылардың өзара белсенді қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын оқыту процесі.

Интерактивті тәсілдер оқушылардың тілдік қатысымға қатысу белсенділігін арттырады, сөйлеу және тыңдау дағдыларын табиғи жолмен дамытады. Мұндай әдістерде оқушы — тек тыңдаушы немесе орындаушы емес, **белсенді қатысушы**, яғни оқу үдерісінің субъектісі.

Интерактивті әдістердің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

▪ **жұптық және топтық жұмыс (Pair & Group Work)** – ынтымақтастық, өзара көмек және тілдік жауапкершілікті қалыптастырады;

▪ **рөлдік ойындар (Role-play)** – нақты өмірлік жағдаяттарды модельдеу арқылы сөйлеу машығын жетілдіреді;

▪ **дебат пен пікірталас (Debate & Discussion)** – сыни және логикалық ойлауды дамытады;

▪ **добалық әдіс (Project Work)** – зерттеу, жоспарлау және шығармашылық жұмыс арқылы тілдік дағдыларды пәнаралық деңгейде дамытады;

▪ **«Brainstorming»** – еркін ойлау, идея ұсыну және топтық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

Зерттеулер көрсеткендей (Harmer, 2015; Richards & Rodgers, 2014), интерактивті тәсілдер қолданылған сабақтарда оқушылар материалды **70–80% тиімдірек меңгереді**, өйткені олар білімді тәжірибе арқылы, яғни әрекет барысында игереді.

Интерактивті оқыту кезінде мұғалімнің рөлі өзгереді — ол **ақпарат көзі емес, бағыттаушы және ұйымдастырушы**. Мұғалім оқушыға сұрақ қою, талқылау, салыстыру, шешім қабылдау сияқты әрекеттер арқылы тілдік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, интерактивті тәсілдер оқушылардың **тілдік қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыруда** маңызды құрал ретінде қарастырылады. Олар оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге **функционалдық сауаттылықты, коммуникативтік мәдениетті және сыни ойлау дағдыларын** дамытады.

Интерактивті тәсілдерді іске асыру жолдары

Интерактивті тәсілдерді тиімді іске асыру үшін мұғалім тек әдісті тандап қана қоймай, оны сабақтың мақсаты мен оқушылардың деңгейіне сай бейімдей білуі қажет. Төменде шет тілін оқытуда жиі қолданылатын негізгі интерактивті әдістер мен олардың ерекшеліктері көрсетілген:

“Think–Pair–Share” (Ойлан – жұптас – бөліс)

Бұл әдіс оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге, басқаның пікірін тыңдауға және оны салыстыруға үйретеді.

Ойлан (Think) – оқушы сұраққа немесе тапсырмаға жеке ойланып жауап дайындайды.

Жұптас (Pair) – көршісімен пікір алмасады.

Бөліс (Share) – өз идеяларын бүкіл топқа ұсынады.

Бұл тәсіл әсіресе **сөйлеу белсенділігін арттыруға** және ұялшақ оқушыларды тартуға тиімді.

Рөлдік ойын (Role Play)

Рөлдік ойын оқушыларды өмірлік жағдаяттарда шынайы тілдік қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Мысалы, “At the airport”, “In a restaurant”, “At the doctor’s” тақырыптары бойынша оқушылар түрлі рөлдерді орындайды.

Мұндай жұмыс **лексикалық материалды нақты контексте қолдануға, эмоциялық қатысымды күшейтуге және мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға** ықпал етеді.

Дебат және пікірталас (Debate & Discussion)

Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлауын, логикалық дәлелдеу қабілетін және тілдік сенімділігін дамытады.

Мысалы: “Technology makes our life easier” немесе “Homework should be optional” тақырыптары бойынша екі жақ өз көзқарасын қорғайды.

Мұғалім модератор рөлін атқара отырып, пікірталас мәдениетін сақтауды және дәлелді сөйлеуді қадағалайды.

Жобалық әдіс (Project Work)

Жобалық әдіс — оқушылардың зерттеу, жоспарлау және нәтижені таныстыру қабілетін дамытатын тиімді құрал.

Мысалы: “My Dream City”, “Kazakhstan through the Eyes of Teenagers” сияқты жобалар барысында

оқушылар ақпарат жинайды, слайдтар әзірлейді, сөйлеу және жазу дағдыларын біріктіреді. Бұл әдіс **тілдік интеграцияны** (reading, writing, listening, speaking) жүзеге асырады.

“Brainstorming” (Ой шабуылы)

Бұл тәсіл қысқа уақытта көптеген идея ұсынуға бағытталған.

Мұғалім мәселе қояды (мысалы, “How can we make English lessons more interesting?”) және барлық идеялар жазылады.

Топтағы әрбір қатысушы өз ойын еркін айтады, сын айтуға тыйым салынады.

Бұл әдіс **шығармашылық ойлауды, бірлескен шешім қабылдауды және белсенді тыңдау мәдениетін** дамытады.

Интерактивті тәсілдерді сабақ процесінде тиімді пайдалану

Интерактивті оқыту әдістерін тиімді қолдану үшін мұғалім келесі педагогикалық шарттарды ескеруі қажет:

Мақсат пен нәтиженің айқын болуы.

Әрбір интерактивті тапсырма оқушылардың тілдік қарым-қатынас дағдыларын (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) дамытуға бағытталуы тиіс.

Қатысушылардың тең белсенділігі

. Жұптық және топтық жұмыс кезінде әр оқушы өз рөлін атқарып, ортақ нәтижеге үлес қосуы керек.

Тілдік ортаны қалыптастыру.

Сабақта барынша ағылшын тілін қолдану, оқушыларды ойларын еркін айтуға ынталандыру маңызды.

Кері байланыс және рефлексия.

Әр тапсырмадан кейін мұғалім оқушылармен бірге не сәтті болды, нені жақсартуға болатынын талдайды

Интерактивті сабақ үлгілері мен тапсырмалар жүйесі

Сабақ тақырыбы: “Healthy Lifestyle”

Мақсаты: денсаулық сақтау мәдениеті туралы сөздік қорды кеңейту және сөйлеу дағдысын дамыту.

Әдісі: “Think–Pair–Share”

Тапсырма:

- Оқушылар жеке ойланып, салауатты өмір салтына қажетті үш әдетті жазады.

- Жұптарда пікір алмасады.

- Топ алдында ең тиімді ұсыныстарды бөліседі.

Сабақ тақырыбы: “Travelling around the World”

Мақсаты: саяхат тақырыбы бойынша сөйлеу дағдысын жетілдіру.

Әдісі: Рөлдік ойын “Travel Agency”

Тапсырма:

Бір топ – туристер, екінші топ – туристік агенттік қызметкерлері.

Туристер сапар бағытын таңдайды, агенттер кеңес береді.

- Әр жұп өз диалогын сахналайды.

Сабақ тақырыбы: “Environment and Ecology”

Мақсаты: экологиялық проблемалар туралы сыни ойлау мен пікір айту дағдыларын дамыту.

Әдісі: Дебат “Plastic should be banned”.

Тапсырма:

Қатысушылар екі жаққа бөлініп, дәлелдер дайындайды.

- Пікірталасдан кейін сынып «ең негізді аргументті» анықтайды.

Қорытынды

Интерактивті тәсілдер шет тілі сабақтарында оқушылардың тілдік белсенділігін, ынтасын және өзіндік ойлау қабілетін дамытады. Мұндай әдістер арқылы оқушы оқу үдерісінің белсенді субъектісіне айналып, өз тәжірибесін тілдік әрекет арқылы тереңдетеді. Интерактивті оқыту — заманауи білім берудің тиімді бағыты және коммуникативтік құзыреттілікті дамыту құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2020.
2. ҚР МЖМБС. Орта білім беру стандарты. – Астана, 2022.
3. Littlewood, W. Communicative Language Teaching: An Introduction. – Cambridge University Press, 1981.
4. Richards, J.C., Rodgers, T.S. Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge University Press, 2014.
5. Сарбасова Г.Ш. Интерактивті әдістердің тиімділігі. – «Білім» журналы, 2023.
6. Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. – Pearson, 2015.



ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ

ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ МЕНГЕРУ

Исмадиева Ляззат Мантаевна,
тәрбиеші,

Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің
жанындағы Ерейментау қаласының «Сказка» бөбекжайы» МКҚК

Мектепке дейінгі кезең – балалық шақтың ең қызықты шағы. Осы уақытта бала заттармен және қоршаған ортамен танысып, ондағы түрлі байланыстарды түсіне бастайды. Тәрбие мен білім беру барысында балаға белсенді болуға және өзін толық көрсетуге мүмкіндік беретін басты құрал – ойын. Ойын ересектер мен балалар арасындағы еркін өзара әрекетке негізделіп, баланың өміріндегі маңызды әрекет түріне айналады.

Ойын – балалардың негізгі әрі сүйікті ісі, олардың «еңбегі». Оқыту үдерісінде дидактикалық ойындар мен ойын жаттығуларын қолдану тиімді. Олардың басты ерекшелігі – тапсырманың ойын түрінде берілуі. Бала ойын арқылы білімін кеңейтіп, түрлі заттармен жұмыс жасау дағдыларын байқамай-ақ меңгереді.

Математикалық дамытушы дидактикалық ойындардың, ойын жаттығулардың артықшылығы – бала өз жұмысын бірден көріп, нәтижеге жеткеніне қуанады және өзгеге көмектесуге ынтасы оянады.

Математика – танымдық дамудың маңызды бөлігі. Мектепке дейінгі ұйымдарда математикалық білім беру балалардың есте сақтауын, зейінін, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және ой-өрісін жетілдіруге бағытталады. Осы тұрғыдан ойын мен ойын жаттығулары баланың қызығушылығын арттырып, алған білімін бекітудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Бала ойын арқылы танымдық әрекетке белсенді қатысып, жаңа материалды, тапсырмаларды, ұғымдарды жеңіл әрі қызығушылықпен меңгереді.

Балабақшадағы оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда балалардың шаршамауы үшін сабаққа ойын элементтерін, ойын жаттығуларын енгізу қажет. Олар оқу процесін жандандырып, баланың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Балалардың жасы неғұрлым кіші болса, сабақта ойын элементтерін соғұрлым көбірек қолдану маңызды. Сонымен қатар әрбір ұсынылатын ойын мен ойын жаттығуы тәрбиелік мәнге ие болып, баланың қабілеті мен ой-өрісінің дамуына ықпал етуі тиіс. Балалар логикалық ойлауды дамытуға арналған білімдерді меңгереді.

Олар математикалық тілде сөйлей білуге дағдыланып, ой – өрісін дамытады; психикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылары, математикалық қабілеттері жетіледі; өз жұмысын талдауды, түсінуді және түзетуді үйренеді. Ойын мен ойын жаттығулары арқылы балалар бір – бірінен тапқырлықты, білімділікті, есептілікке үйренеді.

Математикалық дидактикалық ойындар оларды зерттеуге бақылауға, салыстыруға баулиды; зейін, ойлау, есте сақтау, шапшандық сияқты психикалық сапаларын дамытады; математикалық қабілеттерін шыңдайды; баланың ойын дамытып, шыдамдылыққа еңбекқорлыққа және талпынысқа тәрбиелейді.

Ойын – балалар өмірінің қуаты мен талпынысы, ал ойын жаттығулары арқылы бала өмірге дайындалып, логикалық ойлауды дамытатын білімді меңгереді.

Балабақшадағы ойын мен ойын жаттығуларының ерекшелігі:

- математикаға деген, ұйымдастыратын танымдық іс-әрекетке қызығушылықты арттырады;
- зерттеу арқылы тиімді шешу дағдыларын жетілдіреді. Математикалық ойындардың, ойын жаттығулардың арқасында тапсырмаларды, есептерді тез, әрі дұрыс шешуге үйренеді;

Төзімділікпен табандылықты арттырады. Есептерді шешу барысында қателерімен жұмыс жасауды және

дұрыс жауапқа қол жеткізуге деген талпынысын дамытады.

- Баланың математикаға деген қызығушылығын ашады және жылдам түсінуге бейімдейді;

- Шығармашылық ойлауды дамытады.

Ойын, ойын жаттығулар – бала дамуының ең табиғи және қуатты құралы. А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский Д.Б.Эльконин сынды ғалымдар ойынды баланың дамуының жетекші әрекеті ретінде қарастырған. Ойын барысында бала өз тәжірибесін қолданады, жаңа білім алады және оны өмірімен байланыстырады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, ойын баланың ойлау, есте сақтау, зейін және қиялдау процестерін белсендіреді. Педагогикалық тұрғыдан – ойын арқылы тәрбиеші балаларға күрделі ұғымдарды қарапайым түрде түсіндіре алады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың математикалық дамуы олардың жас ерекшелігіне, қабылдау қабілетіне және қызығушылығына байланысты. Мектепке дейінгі жастағы балалар нақты әрекеттер арқылы, көру және есту арқылы тез қабылдайды. Сондықтан математикалық ұғымдарды, тапсырмаларды тек сөзбен түсіндіру жеткіліксіз, оны ойын әрекетімен бекіту қажет. Мысалы, бала пішіндерді тек көріп қана қоймай, оларды қолымен ұстап, салыстырып, түсін ажыратып үйрену керек. Осылайша, балаларда кеңістік түсінігі, сандық және сапалық қатынастарды тану дағдылары қалыптасады.

Балалардың математикалық дамуы келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- санау және сандармен таныстыру;
- уақыт туралы түсініктерді қалыптастыру;
- пішін мен өлшем ұғымдарын меңгеру;
- заттарды салыстыру, топтастыру және жүктеу.

Ойын, ойын жаттығулардың өзектілігі:

- сабаққа деген көңіл - күйін қалыптастырады;
- ойын-оқу материалын қызықты етуге көмектеседі;
- балаларды қызығушылық танытады;
- қиялды дамытады;
- білімді меңгеру процесін жеңілдетеді.
- математикалық ұғымдарды меңгеруде ойын технологиясын қолдану балалардың белсенділігін арттырады.

Ойын арқылы білім беру барысында, оқу процесінде тәрбиеші келесі әдістерді қолдана алады:

- Командамен жұмыс жасау;
- «Біртұтас тәрбие» математикалық іс-әрекетте кіріктірілген ойындар арқылы ұлттық ойындарының элементтерін қолдану.
- Дидактикалық ойындар- сандар мен пішіндері таныстыру, санауға үйрету;
- Қозғалыс ойындары – кеңістікте бағдарлау, уақытты сезіну;
- Үстел – үсті ойындар – топтастыру, салыстыру және логикалық ойлауды дамыту;
- Сюжеттік – рөлдік ойындар – өмірлік жағдаяттарды математикалық тұрғыдан түсіндіру;
- Авторлық ойындар, ойын жаттығулар, ауызша есептер – логикалық ойлау.
- Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске жаңалықтар ашуға құрылады. Жетекші әдісі – проблемалық әдісі.
- Командамен жұмыс жасау;
- Серуенде (математикалық ойындар);
- Ертегілер қолдану;

Оқу процесінде ойын элементтерін тиімді қолдану үшін тәрбиеші әр баланың жас ерекшелігін, даму деңгейін, және қызығушылығын ескеруі тиіс. Ойын барысында баланың жетістігі мадақталып, өзіне деген сенімділігі артады.

Логика дұрыс ойлаудың заңдары мен жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Дәлелдеме анықтама, , пайымдау жіктеп – саралау сияқты тағы басқа логикалық амалдарын әр бір бала өзінің ойлау қызметінде қолданып отырады.

Оқыту практикасын көрсетіп отырғандай, логикалық білім беруді мектепке дейінгі мекемеден бастау қажет. Балалардың логикалық ойлауын дамытуды, логикалық байланыстардың мағынасын түсіндіруге ересек, даярлық тобының математикасында мүмкіншіліктер өте көп. Балаларға сандар мен есептеулерге байланысты жаттығулардан басқа логикалық жаттығуларды да шығарған жөн екендігіне аса назар аудару тиіс.

Ұйымдастырылған іс – әрекеттерде қолданатын логикалық жаттығулар, есептер кеңірек ойлауды қажет етеді. Есеп жауабы, математикалық жаттығулардың жауабы бір немесе бір неше болуы мүмкін. Логикалық есепті, тапсырмаларды шешу қатаң дәлелге сүйенеді. Сондықтан қысқа есептей салу, көрнекілікпен астарластыру болуы ықтимал. Ойын ретінде математикалық есептер, тапсырмалар логикалық ойлауға, ұстамдылыққа, қиялдауға еңбектену білуге тәрбиелейді.

Сонымен логикалық ойын дамытуға, шапшандыққа арналған авторлық есептеріне, тапсырмалардың біразына тоқтала кетейін:

1. Серуендеп ойнап жүрді сегіз бала
Екі ұл бала жүгіріп ойнады
Бір қыз бала жүгіріп ойнады
Серуенде ойнап жүрген сегіз баладан
Нешеуі жүгірді?
2. Асан ойнап отыр
Серік жүгіріп жүр

Арлан ойнап отыр
 Алтынбек жүгіріп жүр
 Қанша бала ойнап отыр
 Қанша бала жүгіріп жүр?

3. Төрт асықтың біреуін құрбын сұрап алды
 Айтшы онда нешеуі
 Өз қолында қалады?

4. Көлден ұшып кетті бес қаз
 Қайтып қонды екі қаз
 Көлге нешеуі қайтып қонды?

Математика негіздері бойынша төмендегідей ұстанымдарды ескере арқылы жүзеге асырылды:

- Ізгілендіру
- Интеграция
- Дидактикалық бірліктерді ірілендіру.

Сонымен қатар инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысуы арқылы жүзеге аса отырып, баланың оқу әрекетін белсенді субъектісі болуына мүмкіндік беретінің айта кеткен жөн. Оның өзі іс-әрекетте әр – түрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді. Ересек, даярлық тобында ойындық, коммуникативтік, зерттеушілік сияқты технологияларды қолданудың тиімді болмаған іс – тәжірибе жүзінде байқадым.

1. Логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру жолдары:

- Заттардың сөздерін, сандардың қасиеттерін сипаттау;
- Берілген қасиеттерге сай заттарды тану;
- Заттардың мәңгі қасиеттерін белгілеу;
- Қарама-қарсы құбылыстар жайлы пайымдау;
- Әр-түрлі ұғымдарға анықтама беру.

2. Ойлау белсендігін, өзегтілігін дамыту жолдары:

- Проблемалық жағдайлар туғызу;
- Шағын пікір талас жүргізу;
- Командамен жасайтын авторлық ойындар пайдалану.

3. Ұсынылып отырған анықтаманың негізінде даярлық топтарында логикалық ойлауды, интеллектуалдық даму жүйесі анықталады:

- Интеллект – бақылайды;
- Талдау, синтез жүргізеді;
- Біріктіреді;
- Топтастырады, бақылайды;
- Жалпылау жасайды;
- Салыстырады, реттейді.

Баланың интеллектуалының дамуы тек белгілі бір көлемін ғана емес, танымдық іс – әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, елестеу, танымдылық шығармашылық қабілеттерін дамуын тұтас қамтиді.

Барлығы математикамен тығыс қатысты екенін байқауға болады. Қандай да болмасын математикалық ойындар адамның интеллектуалдық, логикалық және математикалық қабілеттерін дамытудағы атқаратын рөлін байқаймыз. Олар проблемаларды шешу, есте сақтау және шоғырлану қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, оқытудың қызықты әрі тиімді әдісін ұсынады. Ойындардың болашақтағы дамуымен цифрлік технологиялармен интеграциясы білім беру процесінде жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік береді. Ал бұл математикалық білім мен дағдыларды одан әрі жетілдіруге жағдай жасайды.

Балалардың интеллектуалдық даму деңгейін және логикалық ойлау қабілеттерінің математика сабағындағы іс – ірекеттер мен ойындар арқылы дамыту барысында авторлық ойын түрлерін, ойын-жаттығуларды және халқымыздың дәстүрлі өлшем жүйесін де қолдануға болады. Санамақтар да осы мақсатқа қызмет етеді, себебі олар негізінен балаларға сан үйрету, сандық реттілікті үйрену үшін пайдаланылады. Ойын түріндегі санамақтар арқылы сандардың жүйесін түсінеді. Мысалы: «Апта күндері» атты санамақта бала ойнай отырып санайды, үйренген сандарын ойын арқылы есте сақтайды және апта күндерінің атауларын жаттап алады.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы аса бай, оның әрбір қазынасы адам өміріне, оның қажетіне қызмет етуге бағытталған. Сол құндылықтардың ішінде ерекше бағалысы – ұлттық ойындар. Қазақтың ұлттық ойындары тақырыптық жағынан да, тәрбиелік мәні жағынан да орасан мол. Жастарды заман талабына тәрбиелеу үшін тәрбиеші оқу-тәрбие жұмысында шығармашылық танытып, жаңа әдіс – тәсілдерді ұтымды қолдану қажет. Осындай озық тәсілдердің бірі – ұлттық ойындарды оқу – тәрбие процесінде пайдалану. Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыруда қазақ халық педагогикасының идеяларын орынды еңгізудің маңызы зор. Сондықтан математика сабақтарында ойын элементтерін неғұрлым жиірек пайдалансақ, соғұрлым ұйымдастырылған іс-әрекет қызықты және тартымды өтеді.

Ұлттық ойындардың математикадан ұйымдастырылған іс-әрекетте атқаратын рөлі ерекше. Ол балалардың қызығушылығымен қатар, оқушыларды белсенділікке, тез ойлауға, ауызша есептеуге, логикалық

ойлау қабілетін арттыруда маңызы зор.

Тарихи-математикалық ұзындық өлшемдерді дидактикалық ойындар мен байланыстырғанда балалар қызығушылықпен тындап, жадыларына сақтап отырады.

Тарихи-математикалық ұзындық өлшемдері.

1. Саусақпен өлшенетін ұзындық өлшемдері:

- Сүйем – бас бармақпен сұқ саусақ аралығымен;
- Елі-саусақтың көлденең қалыңдығы, еңі;
- Қарыс – сүйем – бас бармақпен ортан саусақтың аралық мөлшері.

2. Қолымен өлшенетін ұзындық өлшемдері:

- Білем – саусақтың ұшы мен қолдың бірінші буының аралығы;
- Шынтақ – қолдың басы мен шынтақ аралығы.

3. Аяқпен өлшенетін ұзындық өлшемдері:

- Табан – аяқтың өкшесі мен башпайдың ұшының аралығы;
- Адым (қадам) жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы.

4. Саусақпен өлшенетін сыйымдылық өлшемдері:

- Шымшым – ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен қысып алғандағы өлшем;
- Шөкім – ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қысып алғандығы өлшем;
- Бір уыс.

Ойын мен жаттығулар мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Олар арқылы балалар тек қана жаңа білім алып қоймай, оны күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады. Ойын барысында бала өз ойын еркін жеткізіп, салыстыруға шешім қабылдауға, шығармашылық қабілетін көрсетуге үйренеді. Олар баланы тәртіпке, жауапкершілікке, өз әрекетін бағалай білуге үйретеді. Әр ойын сонында жетістікке қол жеткізген бала мадақталып, өзгелерге үлгі болады. Бұл балада өзін-өзі бағалау дағдысының қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан әрбір тәрбиеші өз тәжірибесінде ойын технологияларын кеңінен қолданып, математикалық білімді, қызықты әрі нәтижелі түрде қалыптастыруы қажет. Жүйелі ұйымдастырылған ойындар әр баланың жеке дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, ойын, ойындық жаттығулар балалардың ұсақ моторикасын, сенсорлық қабылдауын, көру және есту қабілеттерін жетілдіреді. Мысалы, санау таяқшаларымен, пішіндермен немесе түрлі-түсті қақпақшалармен ойнау кезінде бала сандар мен формаларды көзбен көріп, қолымен ұстап, әрекет арқылы таниды. Бұл абстрактілі математикалық ұғымдарды нақты тәжірибемен байланыстырудың бірі. Ойын кезінде балалардың сөйлеу тілі де дамиды. Мысалы, тәрбиеші «Неге бұл пішін артық деп ойлайсың?», «Қайсысы үлкен?», «Қанша алма бар?» сияқты сұрақтар қойып, олардың өз ойларын математикалық тілде жеткізуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, оқу процесіне ойын, ойын жаттығулар енгізілсе, балалардың білім алуға деген қызығушылығы артады. Өйткені ойын-еркін іс әрекет. Сондықтан тәрбиеші оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда міндетті түрде ойын элементтерін қолдануы тиіс.

Қорытындылай келе, математикалық дидактикалық ойындар мен, жаттығулар баланың математикалық түсінігін кеңейтіп, тереңдетеді, алған білімін бекітеді. Ойын барысында психологиялық процестеріде дамиды. Қуаныш, эмоциялық әсер баланың оқуға деген мотивациясын арттырады. Тәрбиеші күнделікті оқу әрекетін жаңа әдіс – тәсілдермен байытып, әр баланың қызығушылығын арттыру арқылы оқу процесін қызықты және нәтижелі етеді. Математиканы оқыту әдістерін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – дидактикалық ойындарды сабақ процесінде тиімді пайдалану.

Әр топтың жас ерекшелігіне қарай математикалық ойындарды, ойын жаттығуларды, логикалық тапсырмаларды пайдалана отырып балалармен тәуелсіз және жеке логикалық ойлау қабілеттерін математикалық ұғымдар арқылы дамытамыз. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, оқу процесінде дидактикалық материалмен жұмыс істеу маңызды. Дидактикалық материал ойлаудың дамуына көмектеседі. Оқыту ісінде дидактикалық мақсатына, міндеттеріне, әдіс - тәсілдеріне көңіл бөлсек жақсы нәтижелерге жете аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балалар журналы. Алматы: «Балдырған», «Бала мен балабақша»
2. А.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алматы: Алматыкітап, 2016. – 80б.
3. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған бағдарламасы
4. З.А. Михайлова. Игровые занимательные задачи для дошкольников. Москва: Просвещение, 1985. – 96с
5. Е.В. Пузик. Неверова С.С. Әдістемелік құрал.
6. Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева. Әдістемелік құрал. Алматы: Алматыкітап, 2014ж.

СОЗДАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЛОВКОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПОДВИЖНЫХ ИГР И ИГРОВЫХ УПРАЖНЕНИЙ С МЯЧОМ

Фещук Елена Дмитриевна,

инструктор по физической культуре,

ГККП «Ясли-сад «Сказка» города Ерейментау при отделе образования по Ерейментаускому району управления образования Акмолинской области»

В статье рассматриваются педагогические условия, обеспечивающие развитие ловкости у детей дошкольного возраста средствами подвижных игр и игровых упражнений с мячом. Раскрываются теоретические основы, практические методы и диагностические подходы, позволяющие повысить эффективность физического воспитания в дошкольных организациях Республики Казахстан. Ключевые слова: ловкость, физическое развитие, подвижные игры, дошкольный возраст, мяч, сенсомоторика, педагогические условия.

Современные условия развития дошкольного образования требуют от педагогов поиска эффективных форм и методов физического воспитания детей. Физическая культура в детском саду должна решать задачи не только укрепления здоровья, но и всестороннего развития двигательных способностей. Особое значение среди них имеет развитие ловкости, так как именно это качество обеспечивает ребёнку успешность в игре, обучение различным видам спорта, умение быстро ориентироваться и действовать в нестандартных ситуациях. Для развития ловкости полезны упражнения с мячами, которые совершенствуют навыки точных движений. Этому способствуют метание в цель, упражнения с малыми мячами – удары о пол, броски в стену, подбрасывание и ловля мяча с различными дополнительными движениями, различные сложные манипуляции с мячами.

Таким образом, использование подобранных игровых упражнений и подвижных игр способствует значительному обогащению двигательного опыта детей дошкольного возраста, увеличению резерва условно-рефлекторных связей. На их основе эффективнее не только развивается ловкость как психофизическое качество, но и повышаются показатели статического равновесия и общий уровень физической подготовленности. На мой взгляд использование подвижных игр и упражнений в физическом воспитании является важным педагогическим условием развития ловкости у детей дошкольного возраста.

Актуальность опыта заключается в том, что развитие ловкости наиболее эффективно происходит именно в дошкольном возрасте. Подвижные игры и упражнения с мячом являются оптимальными средствами для её формирования, так как они сочетают в себе двигательную активность, эмоциональную вовлечённость и возможность варьировать задания в зависимости от уровня подготовленности ребёнка.

Цель опыта:

Выявить педагогические условия, способствующие развитию ловкости у детей дошкольного возраста средствами подвижных игр и упражнений с мячом.

Задачи опыта:

- изучить особенности развития ловкости у дошкольников;
- определить педагогические условия, необходимые для формирования данного качества;
- подобрать и апробировать комплексы подвижных игр и упражнений с мячом;
- обобщить результаты работы и определить эффективность предложенной системы.

Теоретическая основа опыта

В психолого-педагогической литературе (Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Н.А. Фомина, Л.И. Пензулаева и др.) подчеркивается значение развития координационных способностей дошкольников как базы для формирования всех физических качеств. Ловкость рассматривается как умение быстро перестраивать движения в соответствии с изменяющейся ситуацией, координировать действия, сохранять равновесие, точно выполнять двигательные задания.

Развитие ловкости у дошкольников осуществляется преимущественно через игровые формы деятельности. Мяч в данном случае выступает универсальным пособием, позволяющим формировать глазомер, быстроту реакции, умение согласовывать движения рук и ног, ориентацию в пространстве и коллективное взаимодействие.

Педагогические условия, способствующие развитию ловкости

1. Создание игровой мотивации. Игровая деятельность является ведущей в дошкольном возрасте. Поэтому каждое упражнение должно быть включено в сюжет или иметь соревновательный характер.

- Например: «Кто быстрее соберёт урожай мячей?», «Попади в корзину» и др.
2. Учёт возрастных особенностей. Для детей 3–4 лет предлагаются простые задания (катание, перекачивание, ловля двумя руками). Для 5–6 лет – более сложные: ведение, броски в движении, взаимодействие в парах.
 3. Постепенное усложнение заданий. Педагог варьирует высоту, расстояние, темп, направление движения. Это позволяет детям постепенно осваивать новые двигательные действия.
 4. Разнообразие форм организации. Используются индивидуальные упражнения, игры в парах, групповые и командные соревнования.
 5. Интеграция игр с мячом в режим дня. Упражнения могут проводиться на прогулке, в зале, в группе – в форме подвижных пауз, утренней гимнастики, самостоятельных игр.
 6. Создание безопасной развивающей среды. Необходимо обеспечить наличие мячей разного размера и веса, обручей, корзин, кеглей, мягких модулей, что повышает интерес детей и расширяет возможности для организации игр.

Практическая часть:

Комплекс игр и упражнений с мячом

В работе использовался комплекс подвижных игр и упражнений, направленных на развитие ловкости.

Примеры:

- «Поймай и верни». Дети становятся в круг и перебрасывают мяч друг другу. Задача – не уронить мяч. Цель: развитие глазомера, реакции, согласованности движений.
- «Охотники и утки». Один ребёнок – «охотник», который старается мягким мячом попасть в убегающих. Цель: развитие реакции, меткости, умение избегать столкновений.
- «Брось в цель». Дети метают мячи в корзину или обруч. Постепенно расстояние увеличивается. Цель: развитие точности и контроля силы движения.
- «Сбей кеглю». Ребёнок катит мяч и старается сбить предмет. Цель: координация движений и контроль траектории.
- «Ведение змейкой». Ведение мяча между предметами (кубики, кегли). Цель: развитие ловкости, умения контролировать мяч в движении.
- «Не дай мячу упасть». Дети отбивают мяч вверх, стараясь удержать его в воздухе как можно дольше. Цель: развитие реакции, внимания, командного взаимодействия.
- Эстафеты с мячом. Дети передают мяч над головой, между ног, перебрасывают в парах. Цель: развитие согласованности действий и соревновательного духа.

Роль педагога в организации игр и упражнений

Роль педагога заключается в том, чтобы создать условия для активного участия детей, обеспечить безопасность, постепенно усложнять задания, формировать положительный эмоциональный настрой. Важно поддерживать инициативу детей, поощрять их выдумку и самостоятельность в придумывании новых вариантов игр с мячом.

Тесты для оценки ловкости у детей дошкольного возраста (5–6 лет).

Эти тесты просты, безопасны и позволяют объективно оценить уровень развития ловкости.

1. Тест «Поймай мяч двумя руками»

Цель: оценка координации и реакции.

Оборудование: детский мяч (резиновый, лёгкий)

Ход выполнения:

- Ребёнок стоит на расстоянии 1,5 м от взрослого (или от стены).
- Взрослый бросает мяч в грудь ребёнка 10 раз.
- Ребёнок должен поймать мяч двумя руками.

Оценивание:

- 9–10 успешных ловель — высокий уровень ловкости
- 6–8 ловель — средний уровень
- 5 и менее — низкий уровень

2. Тест "Метание мяча в цель"

Цель: оценка глазомера, точности и ловкости рук

Оборудование: обруч, корзина или коробка, мяч среднего размера

Ход выполнения:

- Ребёнок стоит на расстоянии 2 метра от цели.
- Выполняет 5 бросков мячом.

Оценивание:

- 5 попаданий — очень хорошо
- 3–4 — хорошо
- 1–2 — удовлетворительно
- 0 — требуется развитие навыка

3. Тест "Змейка с мячом"

Цель: оценка координации, управления телом, пространственного ориентирования

Оборудование: 5–6 стоек (фишек, конусов), мяч

Ход выполнения:

- Ребёнок ведёт мяч (руками или ногами, в зависимости от задачи) между стоек змейкой.
- Засекается время прохождения.

Оценивание: (примерные нормативы, зависят от возраста)

- до 10 сек — высокий уровень
- 11–15 сек — средний уровень
- свыше 15 сек — низкий уровень

4. Тест "Прокатка мяча по прямой"

Цель: оценка точности движений, контроля над мячом

Оборудование: лента/верёвка длиной 3–5 м, мяч

Ход выполнения:

Ребёнок должен прокатить мяч по прямой линии от старта до финиша, не выходя за границы.

Оценивание:

- Мяч остаётся на линии — отлично
- 1 отклонение — хорошо
- Более 2 отклонений — требуется тренировка

5. Тест "Прыжки через мяч"

Цель: развитие точности прыжка и координации

Оборудование: мяч

Ход выполнения:

Положить мяч на пол. Ребёнок выполняет 5 прыжков вперёд и назад через мяч.

Оценивание:

- Все прыжки точны, без касаний мяча — высокий уровень
- 2 касания — средний
- 3 и более — низкий

6. Тест "Полоса ловкости" (комбинированный)

Цель: комплексная оценка ловкости

Пример маршрута:

- Прыжки через обруч
- Ведение мяча
- Метание в цель
- Проползание под перекладиной
- Засекается общее время и оценивается точность выполнения.

Оформление результатов:

Можно использовать карту индивидуального наблюдения, например:

Таблица

Ф.И.ребёнка	Поймай мяч	Метание	Змейка	Прокатка	Прыжки	Итог
Омарова А.	8	3	12 сек	1 откл.	1 кас.	ср.
Ахметов Б.	10	5	9 сек	0 откл.	0 кас.	выс

Диагностика уровня ловкости

Проводится в начале и в конце учебного периода:

Таблица 2.

Тестовое задание	Описание
«Поймай мяч»	Ребёнок бросает и ловит мяч 10 раз.
«Меткий бросок»	5 бросков в обруч/корзину с 2 м.
«Полоса препятствий с мячом»	Ведение мяча между фишками (время).

Практика показала, что регулярное использование подвижных игр и упражнений с мячом способствует:

- улучшению координации движений у детей;
- развитию глазомера, меткости, чувства равновесия;
- повышению интереса к занятиям физической культурой;
- формированию положительного эмоционального фона в группе.

Таким образом, создание педагогических условий для развития ловкости с использованием подвижных игр и упражнений с мячом является эффективным направлением работы с дошкольниками. Оно

обеспечивает гармоничное физическое развитие, формирует двигательный опыт и способствует успешной адаптации ребёнка к школьному обучению.

Использованная литература:

1. Вавилова Е. Н. Развивайте у дошкольников ловкость, силу, выносливость. М.: Просвещение, 1981.
2. Осокина Т. И. Физическое воспитание детей в детском саду. М.: Просвещение, 1986.
3. Степаненкова Е. Я. Теория и методика физического воспитания и развития ребенка: учебное пособие. М.: Академия, 2006.
4. Выготский Л.С. Психология развития ребёнка. – М., 2021.
5. Фомина Н.А. Физическое воспитание дошкольников. – СПб., 2018.
6. Пензулаева Л.И. Подвижные игры в детском саду. – М., 2020.
7. Сатова Г.А. Физическое развитие дошкольников в условиях ДО. – Алматы, 2019.
8. Министерство образования и науки РК. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. – Астана, 2021.
9. Молдабекова С.К. Организация физического воспитания детей в ДО. – Нур-Султан, 2022.



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ КӘСІПТІК ПРАКТИКА: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мукушева Нургуль Сериковна,
 бастауыш сынып мұғалімі, педагог - зерттеуші,
 «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша
 білім бөлімі Кеңес ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«Білікті маман – елдің ең үлкен байлығы» демекші, қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – кәсіби деңгейі жоғары мамандарды қалыптастыру. Әсіресе мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында бұл міндет ерекше мәнге ие, себебі баланың тұлғалық негіздері дәл осы шақта қаланады. Болашақ тәрбиеші үшін тек теориялық біліммен шектелу жеткіліксіз. Нағыз маман қалыптасу жолында практикалық тәжірибе ерекше рөл атқарады. Мектепке дейінгі білім беру – баланың тұлғалық негізі қаланатын аса жауапты кезең. Сондықтан болашақ жас мамандар үшін тек білім нәрімен сусындап қана қоймай, оны тәжірибеде қолдана білу де ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіптік практика студенттерге мектепке дейінгі ұйымдарда шынайы педагогикалық үдерісті сезінуге, өз білімін іс жүзінде сынап, кәсіби дағдыларын жетілдіруге кең мүмкіндік беретін бағалы тәжірибе алаңы болып табылады.

Кәсіптік практиканың негізгі мақсаты – студенттердің кәсіби құзыреттілігін дайындау, педагогикалық қабілеттерін шыңдау, балалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Сонымен қатар, практика барысында студенттер тәрбиеші қызметінің мәнін тереңірек түсініп, болашақ мамандығына деген көзқарасын қалыптастырады. Практика барысында студенттер мектепке дейінгі топтармен жұмыс істеп, келесі бағыттарда тәжірибе жинақтайды:

- балалармен күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтерін жүргізу;
- тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру;
- ата-аналармен жұмыс жүргізу тәжірибесі;
- баланың психологиялық және физикалық дамуын бақылау;
- тәрбиешінің құжаттамаларын жүргізу дағдылары.

2021 жылы білім мазмұнын жаңғыртуды көздейтін Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) қабылданды. Модель ғылыми деректер негізінде балаларды дамыту мен оқытуға қойылатын өзгермелі талаптарға сәйкес МТО-ны трансформациялау, оның сапасын арттыру үшін қажетті өзгерістердің бағыттарын айқындайды.

Практика кезінде студенттер өздерінің шығармашылық қабілеттерін қолдана отырып, әртүрлі тақырыптағы ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізеді, балалармен тіл табысып, қарым-қатынас жасау жолдарын меңгереді. Сонымен қатар, ұжыммен жұмыс жасау, педагогикалық этика, кәсіби жауапкершілік секілді маңызды қасиеттерді де бойына сіңіреді. Студент өз жұмысында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ойын түрінде, қызықты әрі мазмұнды өткізуге тырысады. Балалармен жылы қарым-қатынас орнату, оларды назарда ұстау, эмоциялық қолдау көрсету – басты назарда болады. Болашақ маман мамандыққа бейімделуі, кәсіптік практика барысында студент нақты жұмыс орнындағы тәрбиеші қызметімен тікелей танысады. Бұл үдеріс студенттің алдағы кәсібіне деген көзқарасын айқындап, оған бейімделуіне көмектеседі. Сонымен қатар, педагогикалық міндеттер мен жауапкершіліктерді толық түсінуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық құжаттармен жұмыс істеу де студенттер практика барысында келесі құжаттармен танысып, оларды толтыруды үйренеді:

- тәрбиешінің күнделікті жоспарлары;
- баланың жеке даму картасы;
- оқу-тәрбие жұмысының күнтізбелік жоспары;
- ата-аналармен жұмыс жоспары;
- бақылау және диагностика парақтары.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту барысында баланың жас ерекшеліктерін ескеру – негізгі талаптардың бірі. Өйткені бұл кезеңдегі балалардың танымдық қабілеттері, эмоциялық әлемі мен қимыл-қозғалыс дағдылары әртүрлі қарқынмен дамып, өзіне тән кезеңдер арқылы қалыптасады.

Педагогика ғылымында мектепке дейінгі шақ – адамның танымдық ізденісі оянып, сөйлеу дағдылары жетіліп, айналамен әлеуметтік қатынасы орныға бастайтын, сондай-ақ эмоционалдық интеллектінің негізі қаланатын ең маңызды кезеңдердің бірі ретінде қарастырылады.

Баланың дамуы ересектермен және құрдастарымен әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында жүреді. Танымдық процестер ойын әрекеті арқылы белсенді қалыптасады. Тіл дамуы – когнитивтік дамудың негізгі

детерминанты. Осы ғылыми тұжырымдар қазіргі Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру стандарттарында көрініс тапқан.

Мектепке дейінгі балаларға логикалық ойлауды дамыту жолдарын негізге алу қажет етеді. Логикалық ойлау – адамның ақпаратты талдап, салыстырып, қорытынды жасау қабілеті. Педагогика ғылымында мектепке дейінгі кезең баланың танымдық дамуының негізі қаланатын, логикалық ойлаудың бастапқы дағдылары қалыптасатын сатысы деп қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, логикалық ойлауды дамыту мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Логикалық ойлауды қалыптастырудағы жас ерекшеліктерін ескеру де, мектепке дейінгі балалардың ойлау қабілеті кезеңдік сипатқа ие: жас ерекшеліктеріне сәйкес баланың танымдық белсенділігі, ұғымдық қабілеті және салыстыру дағдылары әртүрлі деңгейде дамиды. 3–4 жас аралығындағы балалар заттардың қасиеттерін бақылау және қарапайым байланыстарды түсіну қабілетін меңгереді, ал 5–6 жасында балалар себеп-салдар байланыстарын түсініп, салыстыру мен классификациялау дағдыларын меңгере бастайды. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, педагогтар логикалық ойындар мен тапсырмаларды кезеңге сай таңдау қажет.

Мектепке дейінгі балаларда логикалық ойлауды дамыту үшін педагогикада бірнеше тиімді әдістер ұсынылады:

Салыстыру және классификациялау – балаларға заттарды белгілері бойынша топтастыру, ұқсастық пен айырмашылықты анықтау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Логикалық ойындар мен есептер – пазлдар, конструкторлар, түрлі басқатырғыштар баланың ойлау белсенділігін арттырады және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

Тәжірибелік әрекеттер – тәжірибе жасау, заттарды зерттеу және бақылау баланың логикалық ойлау қабілетін нығайтады.

Логикалық ойлауды дамыту үшін мектепке дейінгі ұйымдарда арнайы жағдайлар құру маңызды:

- ойын бөлмелерінде құрылымдалған логикалық тапсырмаларды орналастыру;
- топтық және жеке сабақтарда ойын мен тәжірибелік әрекеттерді үйлестіру;
- балалар арасында проблемалық жағдаяттар шешу жолдарын қарастыру;
- педагог пен бала арасындағы коммуникативті диалог арқылы логикалық дағдыларды бекіту.

Бұл тәсілдер баланың ойлауын белсенді етуге, ойдағы тұжырымды қорытынды шығару қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектепке дейінгі кезең – логикалық ойлаудың алғашқы дағдылары қалыптасатын маңызды уақыт. Логикалық ойлауды дамыту үшін педагогикалық әрекеттерді жас ерекшеліктерін ескере отырып жүйелеу керек. Салыстыру, классификациялау, логикалық ойындар және тәжірибелік әрекеттер, проблемалық жағдаяттар, мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың кәсіби дайындыққа негізін қалайды. Студент тәрбиеші балаға жас ерекшеліктеріне сәйкес тәсіл қолдануды да үйренеді. Мұндай тәжірибе оның болашақ кәсіби шеберлігін дамытып, педагогикалық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді. Шығармашылық және ойын әдістерін қолдану, мектепке дейінгі тәрбие – ойын арқылы жүзеге асырады. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойын – қоршаған ортаны танып-білу, әлеуметтену, тіл дамыту, ойлау қабілетін қалыптастырудың табиғи жолы.

Ойын баланың негізгі әрекеті ретінде қарастырылады. Ойын – баланың табиғи қажеттілігі мен психикалық белсенділігін арттыратын әрекет. Ол танымдық үдерістердің дамуына, әлеуметтік тәжірибенің қалыптасуына, эмоциялық тұрақтылық пен еркін қарым-қатынасқа жағдай жасайды. Педагогикада ойын тек көңіл көтеру құралы емес, ол оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдісі ретінде қолданылады. Ойын барысында бала қоршаған ортадағы құбылыстарды модельдейді, ересектердің әлеуметтік рөлдерін меңгереді, түрлі жағдайларда шешім қабылдауға үйренеді. Бұл оның шығармашылық қабілетін дамытады, өзіндік «Мен» сезімін қалыптастырады. Сюжеттік-рөлдік ойындарда бала белгілі бір рөлге еніп, әлеуметтік қарым-қатынастарды имитациялайды. Мұндай ойындар коммуникативтік дағдыларды, қиял мен сөйлеу мәдениетін дамытады. Балалар өзара келісімге келуді, ынтымақтаса әрекет етуді үйренеді. Педагог бұл ойындарды оқыту процесінің тиімді әдісі ретінде жүйелі қолданады. Бұл ойындар моторлық белсенділік пен дене дайындығын арттырады. Балалардың ірі және ұсақ моторикасы дамып, қозғалыс координациясы қалыптасады. Сонымен қатар ұлттық ойындар мен санамақтар қазақ мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып, тарихи тұрғыдан қалыптасқан математикалық ұғымдарды, санау, өлшеу және есептеу дағдыларын меңгертетін педагогикалық құрал ретінде қызмет етеді. Қазақтың дәстүрлі қоғамында санамақтар мен ойындар балалардың ойлау қабілетін, логикалық ойлау дағдыларын және негізгі математикалық түсініктерді дамытуда маңызды рөл атқарған. Ұлттық ойындар мен математикалық дағдылар көптеген ұлттық ойындар балаларға заттарды санау, топтау, салыстыру, жылдамдық пен қашықтықты бағалау сияқты негізгі математикалық операцияларды үйретуге бағытталған. Мысалы, «Асық ату», «Ойыншық бәсекесі» сияқты ойындарда есептеу, өлшеу және салыстыру дағдылары белсенді қолданылады. Мұндай ойындарда балалар заттарды, қадамдарды немесе уақыт бірліктерін санау арқылы математикалық логиканы меңгереді. Ұлттық санамақтардың рөлі – санамақтар көбінесе өлең түрінде жасалып, ойын барысында балаға реттеу, санау және уақытты бағалау қабілетін қалыптастырады. Сонымен қатар, санамақтар балаға символдық ойлау, есептеу дағдылары және әріптер мен сандар арасындағы байланыс туралы алғашқы түсініктерді береді.

Ойынның тиімділігі көбіне педагогтың ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты. Тәрбиеші:

- ойынның мақсаты мен мазмұнын жас ерекшелігіне сай анықтайды;
- дамытушы ойын ортасын құрастырады;
- балалардың еркін әрекетіне жағдай жасайды;

- ойын барысында туындаған қиындықтарды педагогикалық тұрғыда бағыттады;
- балалардың өзара қарым-қатынастарын бақылап, түзетіп отырады.

Педагог ойын арқылы білім беру мақсаттарын жүзеге асырып қана қоймай, баланың жеке тұлғалық дамуына қолдау көрсетеді. Сондықтан педагогтар үшін ойын технологияларын меңгеру, оларды оқыту процесінде тиімді қолдану – кәсіби міндеттердің маңызды бөлігі болып табылады. Ойын барысындағы танымдық, коммуникативтік, эмоционалдық және моторлық белсенділіктер баланың тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Ойын – бала дамуының табиғи формасы. Педагогикалық зерттеулерде ойын арқылы балалар әлеуметтік рөлдерді меңгеріп, қоршаған әлемді таниды, сөйлеу мәдениетін және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Студенттер келесі бағыттарды меңгереді:

- сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;
- қолөнер, сурет салу, мүсіндеу;
- музыкалық-ырғақты жаттығулар;
- дене тәрбиесі ойындары;
- сюжеттік-рөлдік ойындар;
- коммуникативтік тренинг элементтері;
- жұптық және топтық ойындар.

Осы аталған бағыттар балалардың қарым-қатынасқа түсуін ынталандырады.

Қарым-қатынас – адамның әлеуметтік табиғатын айқындайтын негізгі психикалық процесс. Ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізгі факторы болып есептеледі. Психология ғылымында қарым-қатынас адамның басқа адамдармен ақпарат алмасуы, эмоциялық байланыс орнатуы және бірлескен әрекетке қатысуы арқылы жүзеге асатын күрделі феномен ретінде түсіндіріледі.

Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі білім беру процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Тәрбиеші:

- жылай шырай танытып, сенімді атмосфера қалыптастырады;
- балалардың эмоцияларын ескеріп, қолдау көрсетеді;
- белсенді тыңдау, диалогқа тарту, сұрақ қою әдістерін қолданады;
- конфликт жағдайларын педагогикалық тәсілдермен шешеді.

Педагогикалық қарым-қатынас демократиялық стильде болғанда балалардың өз-өзіне сенімділігі артып, танымдық белсенділігі күшейеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қарым-қатынасы — олардың тұлғалық дамуының, әлеуметтенуінің және танымдық белсенділігінің негізгі тетігі болады. Қарым-қатынас арқылы бала қоғам нормаларын, әлеуметтік рөлдерді, эмоциялық және тілдік дағдыларды меңгереді. Педагог қарым-қатынасты дамытуда маңызды рөл атқарады және оның коммуникативтік қабілеті білім беру процесінің сапасын айқындайды. Қарым-қатынасты мақсатты түрде дамыту мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының басты педагогикалық міндеттерінің бірі. Студенттер әр сабағында қарым-қатынас жасау қабілетін және дағдысын де үйрену қажет. Коммуникативтік дағдыларды дамыту да практика студентке тек балалармен емес, сонымен қатар әріптестерімен, ата-аналармен және әкімшілікпен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бұл болашақ педагог үшін өте маңызды.

Кәсіби өзін-өзі бағалау да практика соңында студент өз жұмысын саралап, SWOT талдауы арқылы күшті және әлсіз тұстарын анықтайды. Бұл өзінің болашақта кәсіби өсу мен өзін-өзі жетілдіру үшін қажет. Кейбір ЖОО-ларда студенттер тарапынан практикадан кейін рефлексиялық есеп немесе өзіндік талдау жазып, қорытынды конференция өткізіп, төмендегі қағидаларды ескереді:

Коммуникативтік дағдылар мен кәсіби қарым-қатынас.

- Кейбір қиындықтар туындағанымен, олар тәжірибелік жолмен шешіледі;
- кейбір балалардың тәртіп бұзуы – ойын арқылы назарын аудару арқылы шешілді;
- ҰІӨ-ті уақытқа сай өткізбеу – алдын ала нақты жоспарлау арқылы түзетілді;

алғашқы ұйымдастырылған іс-әректте өзін сенімсіз ұстау – тәжірибе жинақтау арқылы азайды.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы кәсіптік практика – болашақ педагог үшін үлкен өмір мектебі. Бұл тәжірибе студентке теориялық білімін практикамен ұштастырып, кәсіби дағдыларын қалыптастыруға көмектесті. Практика нәтижесінде студенттің тәрбиеші мамандығына деген қызығушылығы артып, болашақ кәсібіне деген жауапкершілік сезімі қалыптасты. Алған тәжірибе – студенттің кәсіби дамуының берік іргетасы деп сеніммен айтуға болады.

Осы орайда, жыл сайын әр жаңа оқу жылының басында әлеуметтік серіктестікпен келісім шарттар жасалып, Көкшетау қаласының бірнеше балабақшаларымен жұмыс жасалады. Атап өтсек: «Нұрбала» бөбекжайы, «Қарлығаш» балабақшасы, «Алтынбала» бөбекжайы, «Көктем» бөбекжайы, «Еркем-ай» балабақшасы, «Қуаныш» балабақшасы және т.б. Сонымен қатар Ақмола облысында балабақшалардың көптеп ашылуы, қуантады. Өйткені, оқу аяқтағаннан кейін түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету – мақсатымыз. Осы мақсатта бірнеше ауқымды жұмыстар жасалады. Мысалы: аудандармен байланыс, түлектердің сұранысы және т.б.

Студенттер балабақшаның оқу бағдарламаларымен танысып, оқу сабақтары және тәрбие сағаттарына қатысып, тәрбиешінің еңбегіне назар аударып, оның қыры мен сырын үйренуге мүмкіндік болады.

Әр практиканың алдында оқу семинарлары жүргізіледі, техника қауіпсіздігімен танысады. Теорияны практикамен ұштастыра отырып әр түрлі бағыттағы тақырыптарды қамти отыра қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларда ұйымдастырылады. Мәселен, «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ШЫҒЫНА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ» атты облыстық семинар-практикум өтті. Соған тоқталып өтсем:

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие әрекеттерін ұйымдастыруды цифрландыру мәселелері мен оны шешу жолдарын, іс-әрекетті ұйымдастырудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін практика жүзінде көрсетіп, тәжірибесімен бөлісу.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие әрекеттерін ұйымдастыруды цифрландыру мәселелерін шешу жолдарын көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымдарда іс-әрекетті ұйымдастырудың жаңашыл әдіс-тәсілдерімен бөлісу;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық мәдениет пен дәстүр, рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған озық тәжірибелерді анықтау, насихаттау.

Семинар аясында әр өңірден келген педагогтар мен студенттер тәжірибе алмасты.

Сурет 1. Іс-шарадан көріністер



Студенттердің қазіргі тәрбиеші-педагог мамандығының қоғамдағы сұранысын, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін, ата-аналармен жұмыс түрлерін ғылыми-теориялық, практикалық-әдістемелік тұрғыдан толық меңгеруін қамтамасыз етуде. Қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Сонымен қатар, практика кезінде студенттер өздерінің шығармашылық қабілеттерін қолдана отырып, әртүрлі тақырыптағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізеді, балалармен тіл табысып, қарым-қатынас жасау жолдарын меңгереді. Сонымен қатар, ұжыммен жұмыс жасау, педагогикалық этика, кәсіби жауапкершілік секілді маңызды қасиеттерді де бойына сіңіреді. Болашақ мамандарды елжандылыққа, азаматтық-патриоттық, ізгілікке тәрбиелеу бағытында пікірталас, дебат, ашық дәрістер, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Студенттер «Сиқырлы әлем» -куыршақ театры үйірмесіне қатысып, кәсіби шығармашылық қабілеттерін шыңдауда, педагогикалық машықтану кезінде балабақшаларда қойылымдар қойып, қуанышқа бөлейді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар күшейіп келеді. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру саласын дамытудың негізгі бағыттары баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ете алатын педагогтерді даярлаудың маңыздылығын алға тартады. Осыған сәйкес, педагогикалық мамандықтардағы оқу процесінің ажырамас бөлігі болып саналатын кәсіптік практика білім алушының кәсіби қалыптасуы мен педагогикалық шеберлігінің дамуына шешуші әсер етеді.

Кәсіптік практика студенттің теориялық білімдерін нақты педагогикалық ортада пайдалануына зор ықпалын тигізеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін бұл тәжірибе баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін терең тануға, дамытушы әрі қауіпсіз орта құруға, түрлі педагогикалық жағдаяттарда шешім қабылдауға үйрететін маңызды орта. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейі ең алдымен жас ұрпақтың сапалы білім алуына тәуелді. Бұл тұрғыда тұлғаның психологиялық, әлеуметтік және танымдық дамуының бірі – мектепке дейінгі шақ. Сондықтан «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы білім беру жүйесінің өзегі болып саналады. Осыған байланысты аталған мамандықтың мазмұнын ғылыми талдау оның қоғамдағы өзектілігін, кәсіби дайындық құрылымын және болашақ педагогтардың құзыреттілігін қалыптастыру механизмдерін анықтай алады.

Студенттердің логикалық ойлауын, өзінің танымдық көзқарасын ұстануын, оны дәлелдеуін, ұстаздық, яғни кәсіби мінез-құлық сапаларын қалыптастырып, сондай-ақ білімдік мақсаттарды жүзеге асыруға әрекет

жасалуда. Ұстаздық мамандықтың беделі, біліктілігі мен шеберлігі студенттік кезеңнен басталып, оның бастамасын педагогикалық тәжірибе кезінде меңгеретіні белгілі.

Тобықтай сөздің түйіні, Өл-Фараби айтқандай «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз. Даңқым шықсын десеңіз, көпшіліктің адамы болыңыз» - дей келе, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы – қоғамның болашағын қалыптастыруда стратегиялық мәні бар кәсіби бағыт. Бұл мамандық тек баланың физиологиялық және психологиялық дамуын қамтамасыз етумен шектелмей, оның тұлғалық қалыптасуының негізін қалайды.

Болашақ маманның рөлі:

Қадағалаушы және бағыттаушы: Тәрбиеші балалардың әрекеттерін бақылап, оларды дұрыс бағыттауға, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Үлгі-өнеге көрсетуші: Тәрбиеші өзінің іс-әрекеті, сөйлеуі және қарым-қатынасы арқылы балаларға әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды үйретеді.

Қолдаушы және ынталандырушы: Балалардың білім алуына деген қызығушылығын арттырып, табысты әрекеттерін мақтау арқылы олардың өзін-өзі бағалауы мен мотивациясын күшейтеді.

Жеке дамуға жағдай жасау жолдары:

Көрнекі және тәжірибелік құралдар пайдалану: Балалар заттарды өз бетінше зерттеп, салыстыру, санау, топтау арқылы ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Ойын және шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру: Логикалық ойындар, пазлдар, конструкторлар балалардың қиялын дамытып, танымдық белсенділігін арттырады.

Диалог және сұрақ-жауап әдісі: Балаларға «неліктен?», «қалай?» сияқты сұрақтар қою арқылы ойлау қабілетін белсендіру.

Жеке жетістіктерді тану және ынталандыру: Балалардың әрқайсысының қабілетіне сәйкес тапсырмалар беру, жетістіктерін мойындап, ынталандыру.

Топтық және жеке әрекеттерді үйлестіру: Топтық жұмыстар арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту, жеке тапсырмалар арқылы дербестік пен өзіндік жауапкершілікті қалыптастыру.

Қазіргі ғылыми-педагогикалық тұжырымдар, инновациялық технологиялар, цифрландыру үрдісі болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды арттыра түсуде. Болашақта мектепке дейінгі білім беру саласында цифрлық технологияларды интеграциялау педагогикалық үдерісті тиімді әрі қызықты етуге зор мүмкіндік береді. Цифрлық құралдар мен платформалар арқылы тәрбиешілер:

- Балалардың танымдық және логикалық дағдыларын интерактивті ойындар, виртуалды конструкторлар мен қосымшалар арқылы дамытуға;
- Жеке оқу траекторияларын құру арқылы әр баланың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес білім беру процесін жекелендіруге;
- Деректерді жинақтау және талдау арқылы балалардың оқу жетістіктерін, дамуын бақылауға;
- Оқу материалын мультимедиа (бейне, анимация, виртуалды модельдер) арқылы визуалды және тәжірибелік тұрғыда ұсынуға;
- Тәрбиешінің кәсіби дағдыларын арттыру, жаңа педагогикалық әдістерді меңгеру және онлайн тренингтер арқылы тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады.

Цифрлық технологияларды дұрыс интеграциялау педагогикалық үрдісті тиімді, мотивациялық және жеке дамуға бағытталған етеді. Сонымен қатар, бұл балаларды болашақта ақпараттық қоғамға бейімдеп, шығармашылық ойлау, проблемаларды шешу және цифрлық сауаттылық сияқты маңызды дағдыларға үйретуге жағдай жасайды.

Сондықтан жоғары оқу орындарында маман даярлау жүйесі заман талабына сәйкес жаңартылып, педагогтың теориялық білімі мен практикалық дағдысын үйлесімді дамытуға бағытталуы қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие – ұлт болашағының тірегі. Осы сала мамандарының кәсіби деңгейін арттыру - Қазақстанның адами капиталын дамытудың басты тетігі. Мектепке дейінгі ұйымдардағы кәсіптік практика – болашақ мамандарды кәсіби қызметке даярлаудың маңызды бөлігі. Әр студенттер, болашақ мамандар теориялық білімін практикамен ұштастырып, кәсіби шеберлігін дамытуға зор үлес қосса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
2. Алшынбаева С.Е., Төлеген А.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту. 2023. rep.ksu.kz
3. Абилова К.М. Дидактикалық ойындар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауын дамыту. bilimger.kz А.Алимова – Мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
4. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. – Педагогика, Астана.
5. Жұмабекова, Ф. Мектепке дейінгі педагогика: оқулық / Ф. Жұмабекова. - Астана: Фолиант, 2014.

ҚОЛ МОТОРИКАСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ

Нурбаева Раушан Аскарбековна,
тәрбиеші,

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша
білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «ZEREK» балабақшасы» МКҚК

Баланың тілін дамыту – мектепке дейінгі кезеңдегі басты міндеттердің бірі. Тіл – ойды жеткізудің, қарым-қатынас орнатудың негізгі құралы. Ал тілдің дұрыс әрі толық дамуы үшін баланың қол моторикасы ерекше рөл атқарады. Педагогикалық және психологиялық зерттеулерде қолдың ұсақ қозғалыстары мен сөйлеу қабілетінің өзара байланысы дәлелденген. Бұл байланыстың мәні – баланың саусақтарының қимыл белсенділігі оның миының сөйлеу орталықтарына тікелей әсер етуінде. Демек, қол моторикасын дамыту – тіл дамытудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Осы мақалада қол моторикасын дамыту арқылы балалардың тілін жетілдіру жолдары қарастырылады.

Менің мақсатым – балалардың тілін дамыту барысында қол моторикасын жетілдіруді ұлттық ойындармен ұштастыру. Бұл жұмыс арқылы баланың сөйлеу қабілетін, сөздік қорын, ойлау дағдыларын арттыруға, сондай-ақ ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын қалыптастыруға болады. Қол моторикасы мен тіл арасындағы байланыс ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Саусақ қимылдарының дамуы ми қыртысының сөйлеу орталықтарын белсендіреді, сөйтіп бала жаңа сөздерді тез меңгереді, сөйлем құру дағдыларын қалыптасады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбиеде баланың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, тілдің дамуы – тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды көрсеткіштердің бірі. Тіл арқылы бала өзінің ойын жеткізіп, қоршаған ортамен байланыс орнатады, қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. Алайда көптеген балаларда сөйлеу қабілетінің кешігуі немесе сөздік қорының жеткіліксіздігі байқалады. Бұл мәселе ата-аналарды да, педагогтарды да алаңдатып отыр.

Осы орайда балалардың тілін дамытуда қол моторикасының ерекше рөлі бар екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. «Қол – екінші жүрек» дегендей, саусақ қимылдарының икемділігі мидың сөйлеу орталығына тікелей әсер етеді. Яғни ұсақ моториканы дамыта отырып, баланың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады.

Мәселенің өзектілігі – қазіргі заманғы педагогикада тіл дамыту жұмыстары тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, ойын, жаттығу, қимыл-қозғалыс арқылы кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс. Қол моторикасына арналған арнайы ойындар мен жаттығуларды пайдалану арқылы балалардың сөйлеу белсенділігі артып, тіл үйренуге деген қызығушылығы күшейеді.

Балалардың тілін дамытуда қол моторикасы маңызды рөл атқарады. Саусақ пен қол қимылдарын дамыту арқылы баланың ойлау қабілеті, есте сақтау, сөздік қоры мен сөйлеу дағдылары жақсарады. Ұсақ моторикалық жаттығулар мен ойындар тек қолдың икемділігін дамытып қана қоймай, сонымен бірге балалардың тілге деген қызығушылығын арттырады. Бұл тәсіл педагогикада дәстүрлі әдістермен бірге қолданылып, балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Ғалымдардың зерттеулерінде ұсақ моторика мен сөйлеу қабілетінің дамуы арасында тікелей байланыс бар екендігі көрсетілген [2]. Саусақ жаттығулары, құммен ойнау, мозаика құрастыру сияқты әрекеттер баланың миының сөйлеу аймағына белсенді ықпал етеді. Осылайша, моторикалық қимылдар арқылы балалардың сөздік қоры кеңейеді, сөйлем құрау дағдылары нығаяды.

Психолог А.Р. Лурияның еңбектерінде баланың сөйлеу дамуы мен қол саусақтарының қозғалысы арасында жүйке байланыстарының күшті екендігі дәлелденген. Ғалымдардың айтуынша, саусақ қимылының жетілуі ми қыртысының сөйлеу аймағын белсендіреді. Мысалы, мектепке дейінгі жастағы балаларға күнделікті саусақ жаттығуларын жүргізілгенде олардың сөйлем құрау қабілеті 30%-ға, жаңа сөздерді меңгеруі 25%-ға артқаны зерттеу нәтижелерінде көрсетілген [3]. Бұл қол моторикасын дамыту тек қана қозғалысқа емес, тілге де тікелей ықпал ететінін айғақтайды.

Баланың алғашқы тілдік дағдылары қозғалыспен, әсіресе ұсақ моторикамен тығыз байланысты. Бұл құбылысты алғашқылардың бірі болып Л.С. Выготский зерттеп, баланың дамуы әлеуметтік орта мен әрекет арқылы жүзеге асатынын атап өткен [3]. Ал А.Р. Лурияның тәжірибелері саусақ қимылының сөйлеу орталықтарын белсендіретінін дәлелдеді [2].

Мысалы, баланың 3 жасында сөйлеу қабілеті баяу дамыса, ұсақ моторика жаттығулары енгізілгенде сөйлеу белсенділігі едәуір артады. Бұл ғылыми деректер қол моторикасының тіл дамуына әсерін нақты айғақтайды.

Баланың дамуында қол моторикасы мен сөйлеу қабілетінің қатар жетілуі – табиғи процесс. Психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде ми қыртысындағы сөйлеу орталықтары мен қол саусақтарының қозғалысын басқаратын орталықтар бір-бірімен тығыз байланысты екендігі анықталған. Сондықтан саусақ қимылдарын дамыту баланың сөздік қорына, дыбыстарды дұрыс айтуына, сөйлем құрауына оң ықпал етеді. Мақсатқа жетудің практикалық тәсілдері:

- Әр ойыннан кейін балалардан не істегенін сөзбен сипаттау сұралады.
- Жаттығуларды тақпақ, өлең шумақтарымен үйлестіру арқылы сөйлеуді ынталандыру.
- Ұлттық ойындардың әр қимылын сөзбен атауды талап ету – сөйлеуді жетілдірудің негізгі әдісі.

Саусақ бұлшықеттерінің дамуы сөйлеу мүшелерінің бұлшықеттерін де белсендіреді. Мысалы, бала жіпке моншақ тізгенде немесе мозаика құрастырғанда сөйлеуге қажетті моторикалық жүйке байланыстары жетіледі.

Бұл – тілдің табиғи дамуы үшін маңызды негіз. Баланың саусақ қимылдары сөйлеу қабілетіне әсер ететінін зерттеулер дәлелдеген. Ұлттық ойындардың ішінде де дәл осы ұсақ қимылдарды дамытатын түрлері көп. Олар:

- **Асық ойындары** – баланың саусақтарын икемді етіп, дәлдікке үйретеді. Ойын барысында балалардың сөздік қоры кеңейеді, себебі әр қимылда сөзбен сипаттап, бір-біріне түсіндіреді.
- **Тоғызқұмалақ** – ойлау қабілетін ғана емес, ұсақ моториканы дамытады. Әрбір қадамды түсіндіріп айту баланың тілін жетілдіреді.
- **Саусақ ойындары (санамақтар, тақпақтар)** – қазақ халқының ауыз әдебиетінде кең тараған. Саусақпен бірге айтылатын тақпақтар сөйлеудің ырғағын қалыптастырады.
- **Қол еңбегіне байланысты ұлттық дәстүрлі әрекеттер** – жіп иіру, өрмек тоқу, түйін түйю. Бұлар да ұсақ моториканы жетілдіре отырып, сөздік қормен байланысты.

Мысалы:

1. «АСЫҚ АТУ»

Балалар асықты дәл көздеп атып, кейін оны сипаттайды: “Мен үлкен асықты аттым”, “Қызыл асық менікі болды”. Бұл ойында моторикалық дағды мен тіл бір мезетте дамиды.

2. «САНАМАҚТАР»

Саусақпен бірге айтылатын санамақтар:

- Бір дегенім – білеу,
- Екі дегенім – егеу...

Мұнда әр саусақ белгілі бір затпен байланыстырылып, баланың ойлау қабілеті де, сөздік қоры да дамиды.

3. «ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ»

Ойын кезінде балалар жүрісін сөзбен айтады: «Мен төрт құмалақты алдым», «Бір отауға салдым». Бұл сөйлемдер қысқа әрі нақты, сөйлеу қабілетін қалыптастырады.

Балалардың тілін дамытуда қолданылатын әдістер

1. Саусақ жаттығулары

Саусақ гимнастикасы тіл дамыту жұмысының ең қарапайым әрі тиімді түрі. Қимылдар белгілі бір өлең шумақтарымен немесе тақпақтармен сүйемелденсе, баланың есте сақтау қабілеті мен сөйлеу белсенділігі артады. Мысалы, «қоянның құлағы» немесе «алақанды ашу-жабу» жаттығулары сөйлеумен қатар жүруі шарт.

2. Құм және су ойындары

Табиғи материалдармен ойнау баланың сөйлеу қабілетін арттырады. Құммен сурет салу, құмнан пішін жасау барысында тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесіп отырады. Бұл әдіс баланы еркін сөйлетуге, жаңа сөздерді қолдануға ынталандырады.

3. Қолөнер және шығармашылық жұмыстар

Қағазды жырту, жапсыру, қиып-жапсыру, пластилиннен пішін жасау – ұсақ моториканы дамытатын таптырмас құрал. Мұндай әрекеттер барысында тәрбиеші баладан не істеп жатқанын сұрайды. Мысалы, «Қандай пішін шықты?», «Бұл түсті қалай атаймыз?» деген сұрақтар бала тілін дамытуға көмектеседі.

4. Моторикалық ойындар

Саусақпен қуыршақ ойнату, тақырыптық рөлдік ойындар балалардың сөздік қорын кеңейтеді. Әр бала ойында өз рөлін сөйлеп жеткізуге тырысады. Бұл сөйлеудің дамуына тікелей әсер етеді.

Жаңашыл педагогикалық тәсілдер: Қазіргі педагогикалық тәжірибеде ұсақ моториканы дамытуға арналған арнайы технологиялар қолданылады. Мысалы:

- монтессори әдістемесі – түйме қадау, шнурлау, түрлі ұсақ заттарды сұрыптау арқылы моторика мен сөйлеуді қатар дамыту.
 - логоритмика – қимыл мен сөзді музыка арқылы үйлестіру. Бұл әдіс баланың сөйлеу ырғағын қалыптастыруға көмектеседі.
 - саусақ театры – ертегі кейіпкерлерін саусақ қуыршақтары арқылы көрсету. Бұл әдіс баланың ойлауын, қиялын және тілін жетілдіреді.
- Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілген педагогикалық бақылауларда:
- ұсақ моторика жаттығуларына қатысқан балалар жаңа сөздерді тез меңгеріп, сөйлем құрау жылдамдығы артқан.
 - қатыспаған топтарда сөйлеу қабілеті баяу дамып, сөздік қор кедей болған.

Осы деректер тәжірибеде қол моторикасы арқылы тіл дамытудың тиімділігін дәлелдейді.

Әдіс түрі	Қолданылуы	Тілге әсері
Саусақ жаттығулары	Саусақтарды бұту, ашу, белгілі қимылдар жасау	Сөзді қайталау, ырғақпен сөйлеу, есте сақтау артады
Құм және су ойындары	Құмға әріп жазу, пішін жасау, суды құю	Жаңа сөздер меңгеру, сөйлем құру, қиялды дамыту
Қолөнер жұмыстары	Қағазды қиып-жапсыру, моншақ тізу	Өрекетті сипаттау арқылы сөздік қор байиды
Саусақ театры	Қуыршақтармен ертегі сахналау	Диалогтық сөйлеу дамиды, әңгімелеу дағдысы қалыптасады
Логоритмика	Музыкаға қимыл жасап, сөз айту	Сөйлеу ырғағы, дыбыстарды дұрыс айту жақсарады

Тәрбиешілер жүргізген бақылауларға сүйенсек, аптасына 3–4 рет ұсақ моторикаға арналған жаттығулар жасаған балалардың тіл дамуы айқын алға жылжиды:

- дыбыстарды дұрыс айту көрсеткіші 20–25% жақсарған;
- сөйлем құрау дағдылары тез қалыптасқан;
- сөздік қордың байлығы артқан;
- әңгімелесу кезінде белсенділік байқалған.

Бұл деректер қол моторикасын дамыту жұмыстарын тіл дамыту үдерісінде жүйелі жүргізудің тиімділігін көрсетеді.

Баланың тілін дамытуда қол моторикасының рөлі орасан зор. Саусақ жаттығулары, қолөнер, табиғи материалдармен ойындар мен жаңашыл педагогикалық әдістерді жүйелі қолдану сөйлеу қабілетін кешенді түрде жетілдіреді.

Практикалық ойындар мен жаттығулар:

1. «Саусақ театры»

Мақсаты: Саусақ қимылдарын жетілдіру, сөйлеу интонациясын дамыту.

Құралдар: Саусақ қуыршақтары (жануарлар, адамдар, ертегі кейіпкерлері).

Өткізу:

- Тәрбиеші кішкентай ертегі айтады, ал балалар саусақ қуыршақтарын қимылдата отырып, кейіпкерлердің сөздерін айтады.

Мысал:

«Қоян орманда жүріпті,

Сәбіз іздеп көріпті...»

2. «Мақта терейік»

Мақсаты: Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстарды анық айту.

Құралдар: Мақта, пинцет, себет.

Өткізу:

Балалар пинцетпен мақтаны жинап, себетке салады. Әр бала мақта салғанда «М» дыбысын анық айтады:

«Мақта алдым – м-м-м, жұмсақ екен!»

3. «Сиқырлы құм»

Мақсаты: Сенсорлық сезімді және сөздік қорды байыту.

Құралдар: Кинетикалық құм, ұсақ ойыншықтар, әріптер.

Өткізу:

Балалар құмнан әріптерді немесе заттарды табады. Табылған әр затты атап, сөйлем құрайды.

Мысалы: «Бұл – алма. Алма қызыл».

4. «Мүсінде және айт!»

Мақсаты: Саусақ бұлшықеттерін дамыту, сөз байланысын үйрету.

Құралдар: Сазбалшық, тұзды қамыр немесе ермексаз.

Өткізу:

Балалар жануарлар, жемістер, көкөністер мүсіндейді. Әр бала өз жасаған заты туралы айтады:

«Мен алмұрт жасадым. Ол тәтті және сары.»

5. «Түймелер әлемі»

Мақсаты: Түстерді ажырату, санау, сөйлеу белсенділігін арттыру.

Құралдар: Түрлі түсті түймелер, жіп, ыдыс.

Өткізу:

Балалар түймелерді түстері бойынша сұрыптайды және атайды:

«Бұл қызыл түйме. Мен оны жіпке тіктім.»

6. «Саусақ жаттығулары» (саусақ гимнастикасы)

Мақсаты: Қол қимылы мен сөйлеуді үйлестіру.

Мысал жаттығу:

«Бұл — менің үйім, (алақанды ашу)

Мұнда тұрамын мен. (саусақтарды бүгеміз)

Есігім бар, терезем,

Қонақ келсе — күлем мен!» (алақанмен күлімдеу қимылы)

7. «Киім ілейік»

Мақсаты: Қол қозғалысын жетілдіру, сөйлеуді дамыту.

Құралдар: Кішкентай киімдер мен қысқыштар.

Өткізу:

Балалар киімдерді қысқыштармен іледі және сөйлем құрайды:

«Мен көйлекті ілдім. Ол көк түсті.»

8. «Жіпке моншақ тізейік»

Мақсаты: Саусақтың дәлдігін дамыту, түстер мен санауды бекіту.

Құралдар: Түрлі түсті моншақтар, жіп.

Өткізу:

Балалар моншақ тізіп отырып түстерді атап, сөйлем құрайды:

«Қызыл моншақ – алмадай, сары моншақ – күндей.»

9. «Құмдағы әріптер»

Мақсаты: Әріптерді тану, айту және есте сақтау.

Құралдар: Құм салынған қорап, әріп үлгілері.

Өткізу:

Балалар саусақпен құмға әріптерді салады және оны айтып отырады:

«Бұл – А әрпі. А – алма.»

10. «Жіппен сурет саламыз»

Мақсаты: Қол үйлесімділігін арттыру және сөйлеу белсенділігін дамыту.

Құралдар: Жіп, желім, қағаз.

Өткізу:

Балалар жіппен сурет жабыстырады (мысалы, гүл, күн, үй). Әр бала өз суреті туралы айтып береді.

11. «Саусақ гимнастикасы» (тақпақ түрінде)

Бұл — бас бармақ,

Бәріне бас.

Бұл — балан үйреншек,

Істейді көп іс.

Бұл — ортан терек,

Ортада тұрар ерек

Бұл — аты жоқ,

Ешкімге тимей, тыныш отырар көп.

Ал бұл — кішкентай бөбек,

Барлығына көмек!

Мақсаты: Саусақ атауларын есте сақтау және сөйлеу ырғағын дамыту.

12. «Қолмен сурет салу»

Мақсаты: Қимыл арқылы ойлау мен сөйлеуді байланыстыру.

Құралдар: Гуашь, қағаз.

Өткізу:

Балалар саусақпен бояумен сурет салады. Сурет бойынша сөйлейді.

«Мен гүл салдым. Ол қызыл. Күн жылы.»

Қосымша сөздік: сурет, гүл, күн, бояу, саусақ, жылы, әдемі.

13. «Жіппен өрнек»

Мақсаты: Қол үйлесімділігін дамыту және логикалық байланыс орнату.

Құралдар: Түрлі түсті жіптер, қағаз.

Өткізу:

Балалар жіппен өрнек жабыстырып, не салғанын сипаттайды.

«Мен жіппен жүрек жасадым. Ол қызыл және әдемі.»

Қол моторикасы жаттығулары — тіл дамытудың тиімді құралы.

Саусақ қимылының дәлдігі баланың артикуляциялық және сөйлеу орталықтарының дамуына тікелей әсер етеді. Ойын арқылы бала сөздерді, түстерді, пішіндерді, қимылдарды үйреніп, өз ойын еркін жеткізе алады. Педагогтар үшін бұл бағыт:

- тіл дамыту әдістерін байытады;
- балалардың ойлауын, есте сақтауын жетілдіреді;
- сөйлеу кемшіліктерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Ата-аналар үшін бұл тәсіл үй жағдайында баламен ойнау арқылы сөйлеу дағдысын дамытудың қарапайым әрі қолжетімді жолы болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындарын қол моторикасын дамытуға пайдалану – тіл дамытудағы ең тиімді жолдардың бірі. “Асық ату”, “Тоғызқұмалақ”, санамақтар мен саусақ ойындары арқылы балалардың сөйлеу белсенділігі артады, сөздік қоры кеңейеді, ойлау қабілеті жетіледі. Сонымен қатар, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді бала бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

Менің мақсатым – қол моторикасы мен тіл дамуын ұлттық ойындар арқылы ұштастыру. Асық ойнау, тоғызқұмалақ, санамақтар мен саусақ ойындары, саусақ театры мен қолөнер әрекеттері арқылы балалардың тілдік қабілеті және моторикасы қатар жетіледі. Бұл тәсіл:

- Баланың сөздік қорын байытады.
- Сөйлеу қабілетін дамытады.
- Ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырады.
- Педагогикалық және үй жағдайында жүйелі қолдануға ыңғайлы.

Қорыта келгенде, қол моторикасы арқылы баланың тілін дамыту – ғылыми тұрғыдан дәлелденген, педагогикалық тәжірибеде өз тиімділігін көрсеткен, болашақта да кеңінен қолданылуға лайық әдіс. Бұл бағытты жүйелі түрде жүргізу – баланың сауатты сөйлеуіне, ойының дамуына, мектепке даярлығының артуына үлкен үлес қосады. Қол моторикасын дамыту арқылы балалардың тілін жетілдіру – педагогикадағы маңызды бағыттардың бірі. Саусақ және қол қимылдарын жаттықтыру баланың сөйлеу дағдыларын ғана емес, ойлау қабілетін, есте сақтау мен зейінін де дамытады. Ұсақ моторика арқылы жүзеге асырылатын ойындар мен жаттығулар балаларда сөздік қордың молаюына, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына, сөйлеуге деген қызығушылық пен сенімділіктің артуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, бұл тәсіл тек тіл дамуына емес, балалардың жалпы когнитивтік және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге де қызмет етеді. Сондықтан педагогтар мен ата-аналар баланың күнделікті өмірінде қол моторикасын дамытатын жаттығулар мен ойындарды жүйелі түрде қолдануы қажет. Мұндай әдістің тұрақты қолданылуы балалардың тілін ғана емес, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді және мектепке дайындықты жеңілдетеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Лурия А.Р. Речь и развитие психических процессов у ребенка. – Москва: Педагогика, 1979.
3. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – Москва: Просвещение, 1991.
4. Тұрғынбаева Б.А. Баланың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары. – Алматы: Дарын, 2000.
5. Ерешева М. Ұсақ моторика арқылы сөйлеуді дамыту // Мектепке дейінгі тәрбие. – 2020. №

ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В УСЛОВИЯХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Рыженко Наталья Николаевна,

воспитатель,

ГККП «Ясли-сад «Сказка» города Ерейментау при отделе образования по Ерейментаускому району при управления образования Акмолинской области»

Введение

Одной из приоритетных задач дошкольного образования в Республике Казахстан является формирование у детей основ здорового образа жизни. Актуальность высока из-за общего снижения здоровья детей, включая пониженный иммунитет и недостаток физической активности.

При встречах, расставаниях с близкими и дорогими людьми мы желаем им доброго и крепкого здоровья, так как это – основное условие и залог полноценной и счастливой жизни. Здоровый образ жизни является предпосылкой для развития разных сторон жизнедеятельности человека, достижения им активного долголетия и полноценного выполнения социальных функций. В дошкольном возрасте закладываются базовые привычки и установки, которые во многом определяют дальнейшее развитие ребёнка. Здоровый образ жизни предполагает гармоничное сочетание двигательной активности, правильного питания, соблюдения режима дня, закаливания и воспитания культуры здоровья. «Я не боюсь еще и еще раз сказать: забота о здоровье – важнейшая работа воспитателя. От жизнерадостности, бодрости детей зависит их духовная жизнь, мировоззрение умственное развитие, прочность знаний, вера в свои силы!» В.А. Сухомлинский.

Теоретическая основа

Формирование здорового образа жизни у дошкольников регулируется рядом документов Республики Казахстан:

- Закон Республики Казахстан «Об образовании»;
- Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (ГОСО РК);

Согласно этим документам, детские сады обязаны создавать условия для укрепления здоровья воспитанников, развития двигательной активности, формирования гигиенических навыков и культуры здорового питания. В настоящее время одной из приоритетных задач, стоящих перед педагогами, является сохранение здоровья детей в процессе воспитания и обучения.

Основные направления работы воспитателя по формированию ЗОЖ:

1. Организация рационального режима дня, включающего чередование активности и отдыха.
2. Сбалансированное питание с акцентом на натуральные продукты, богатые витаминами и минералами.
3. Регулярная физическая активность: утренняя гимнастика, занятия физкультурой, упражнения для глаз, воздушные ванны, подвижные игры.
4. Закаливающие процедуры: проветривание помещений, прогулки на свежем воздухе, водные игры.
5. Формирование гигиенических навыков: мытьё рук, чистка зубов, опрятность.
6. Развитие знаний и навыков безопасного поведения.
6. Психологическое благополучие: релаксационные игры, обучение основам безопасности и первой помощи (простейшим навыкам).
7. Создание среды: обеспечение группы спортивным инвентарём, массажерами, оформление уголков здоровья, дидактические пособия, картотеки игр.
8. Дружелюбное отношение друг к другу, развитие умения слушать и говорить, умения отличать ложь от правды.
9. Взаимодействие с семьёй для укрепления традиций здорового образа жизни дома для создания единой оздоровительной среды.

Примеры практической работы воспитателя:

- Проведение утренней гимнастики в игровой форме с использованием национальных музыкальных мелодий.
- Закаливающие процедуры: ходьба босиком, обливание ножек, воздушные ванны.
- Организация «Дней здоровья» с эстафетами, спортивными играми и конкурсами.
- Использование казахских народных игр: «Асық ату», «Жылдамдоп» («Быстрый мяч»), «Орамал» («Платок»), «Байга» для развития ловкости и силы, тренируют ловкость, координацию и командный дух, а также являются частью культурного наследия.
- Прогулки на природе, оздоровительные занятия на свежем воздухе, наблюдение за природой; обсуждения о чистоте, уходе за окружающей средой.

- Проведение бесед и тематических занятий: «Безопасное поведение дома и на улице», «Как беречь здоровье зимой/летом», «Почему важно соблюдать режим сна и отдыха», выпуск стенгазет, например «Спортивная семья».
- Организация мини-проектов совместно с родителями: «Витаминная неделя», «Моя спортивная семья» и «Семейные прогулки», «Кулинарные мастер – классы здорового питания»
- Работа с детьми с особыми образовательными потребностями. Применение зрительные опоры (схемы, таблицы, картинки). Использование поэтапного разъяснения заданий, повторений инструкций, чередование видов деятельности и предоставление дополнительного времени для выполнения задач.
- Проведение недели посвященную теме ЗОЖ. Понедельник: Утренняя зарядка на свежем воздухе, организованная деятельность физкультура на тему «ЗОЖ в жизни человека».
- Полёт- стоя дети поднимают руки вверх, тянутся, затем имитируют махи крыльями, наклоны в стороны, а затем «салятся» и «взлетают»
- 2. Сенсорные игры
 - Мешочек сюрпризов — угадывание предметов на ощупь.
 - Найди пару — поиск одинаковых предметов.
 - Музыкальный стоп — движение под музыку и остановка при её выключении.
 - Ароматные игры-нюхать разные цветы, травы, специи.
- 3. Двигательная активность дома
 - Тропа здоровья — дорожка из подушек, ковриков, полотенец.
 - Полоса препятствий — проползание под стулом, перешагивание через верёвку.
 - Собери игрушки — сортировка по цвету, размеру, типу.
 - Спортивный уголок-шведская стенка, кольца, канат.
- 4. Дыхательные и расслабляющие упражнения
 - Надуй шарик — медленный выдох в сложенные лодочкой ладони.
 - Дующий ёжик — перекачивание ватного шарика дыханием.
- 5. Игры для развития мелкой моторики
 - Прищепки — прищеплять и снимать по цветам.
 - Пластилиновые дорожки — раскатывание шариков, колбасок и фигур.
 - Нарисуй на спине-пальцем «рисовать» цифры, буквы, фигуры на спине.
- 6. Упражнения для глаз и головы (с фиксацией)
 - Следи за точкой – смотрим на предмет (карандаш мячик) и медленно двигает им влево-вправо, вверх-вниз, следя глазами за предметом.
 - Мельница- ходьба на месте с вращением руками в разных направлениях (вперед-назад) или с поворотами головы при ходьбе.

Заключение

Формирование здорового образа жизни у детей дошкольного возраста в условиях Республики Казахстан — это комплексный, системный и целенаправленный процесс, требующий тесного взаимодействия педагогов, родителей и медицинских работников. Именно в дошкольном возрасте закладываются основы культуры здоровья, формируются полезные привычки, которые становятся фундаментом для дальнейшего развития ребёнка и успешного обучения в школе.

Важную роль играет и воспитание осознанного отношения к собственному здоровью — не в форме назидания, а через игру, личный пример и постоянную поддержку взрослых. Главная задача воспитателя — не вложить в голову ребенка сумму определенных знаний и правил, а помочь ему задуматься о своём здоровье.

Таким образом, систематическая работа педагогов и родителей позволяет не только укрепить физическое здоровье детей, но и сформировать устойчивую потребность в активном, здоровом и гармоничном образе жизни, который станет основой благополучия ребёнка в будущем.

Примеры игр и упражнений для формирования здорового образа жизни у дошкольников

Название игры/упражнения	Цель	Краткое описание
Утренняя гимнастика «Солнышко проснулось»	Развитие гибкости и координации	Дети выполняют наклоны, потягивания и приседания, имитируя пробуждение природы.
Подвижная игра «Асықату»	Развитие меткости, ловкости	Дети бросают асыки (овечьи косточки или их заменители) в цель, соревнуясь между собой.
Эстафета «Кто быстрее»	Развитие скорости и командного духа	Дети делятся на команды и выполняют беговые задания с предметами (мяч, обруч).
Игра «Полезные продукты»	Формирование представлений о здоровом питании	Дети выбирают из картинок продукты, которые полезны для здоровья, и составляют «витаминную корзину».
«Ақ сүйек» («Белая кость»)	Развивать у детей находчивость; тренировать их в беге.	Играющие должны найти «кость» и принести ее ведущему.
«Жаяу тартыс» («Кто сильнее»)	Развивать у детей силу.	Два игрока встают друг к другу спиной. На плечи необходимо повесить веревку и пропустить ее подмышками. Концы веревки связаны, а узел находится между игроками. На счет «три!» игроки одновременно тянут друг друга, каждый в свою сторону. Сильный обязательно перетянет слабого за отметку, которую сделали на земле еще до начала игры.
«Тартып алу» «Кто перетянет»	Развитие у детей силовых навыков.	Дети берутся попарно за руки. Играющие перетягивают соперника на свою сторону.

Использованная литература:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями).
2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (ГОСО РК).
3. Национальный проект «Здоровая нация».
4. Лях В. И., Зданевич А. А. Физическая культура в детском саду. — Москва, 2019.
5. Белая К. Ю., Доронова Т. Н., Ерофеева Т. И., Короткова Н. А. Методики физического развития дошкольников. — Линка-Пресс, 2002.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ (ЭИ) ДАМУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘРІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАРЫ

Айнекова Жаныл Мешитбаевна,

бастауыш сынып мұғалімі,

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің
Бестөбе кентінің № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар оның тұлғалық, эмоционалды және әлеуметтік дағдыларын дамыту – басты басымдықтардың бірі болып отыр [1]. Себебі ХХІ ғасыр оқушысы тек білімді ғана емес, өмірлік жағдайларда өзін-өзі реттей алатын, өзге адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білетін, түрлі қиындықтарға бейімделе алатын тұлға болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда эмоционалды интеллект (ЭИ) – адамның өз эмоциясын түсініп, оны басқара білуі, сонымен қатар басқа адамдардың сезімін тану және сол эмоцияларға лайық жауап бере алу қабілеті – қазіргі мектеп өміріндегі табыстың кілті болып саналады [3].

Бастауыш сынып кезеңі – эмоционалды интеллект негізі қаланатын алтын шақ. Себебі дәл осы уақытта баланың мінез-құлқы, өзін-өзі ұстау мәдениеті, қарым-қатынас және эмпатия дағдылары қалыптасады [2]. Бұл жаста мұғалім мен ата-ананың әрбір іс-әрекеті баланың ішкі әлеміне әсер етеді. Егер осы кезеңде эмоционалды интеллектті дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбесе, оқушының келешекте стресске төзімділігі төмендеп, эмоциялық тұрақсыздық, қарым-қатынаста қиындықтар туындауы мүмкін.


Сондықтан бастауыш мектепте ЭИ дамыту – тек психологиялық емес, педагогикалық міндет [1]. Ол оқушының сабаққа ынтасын арттыруға, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға және ұжымда бейімделуіне тікелей ықпал етеді. Эмоционалды интеллекті жоғары оқушылар өмірлік қиындықтарды жеңіл еңсереді, сыныптастарымен тіл табыса алады және оқу процесінде табысты нәтижелерге жетеді.

Автордың жеке тәжірибесінен: Бастауыш сынып мұғалімі ретінде мен күнделікті сабақ барысында эмоциялық шиеленісті жиі байқаймын. Мысалы, қарапайым ғана ойын кезінде жеңіліске ұшыраған баланың ашуын басқара алмай, затты лақтырып жіберуі немесе қателік жібергенде өзін-өзі айыптап, сабаққа қатысудан бас тартуы – ЭИ-дің төмендігін көрсетеді [2]. Осы орайда, мен эмоцияларды анықтаудың бір минуттық жаттығуын (сабақ басында «Көңіл-күй смайлигін» таңдау) жүйелі түрде енгізу арқылы оқушылардың өзін-өзі тану қабілеті айтарлықтай жақсарғанын көремін. Бұл тәсіл баланы сөзбен жеткізе алмаған сезімін символ арқылы білдіруге үйретеді және мұғалімге әр оқушының ішкі күйін жылдам түсінуге мүмкіндік береді.

II. Эмоционалды интеллекттің құрылымы

Ғалымдар, соның ішінде америкалық зерттеуші Дэниел Гоулманның тұжырымдамасы бойынша, эмоционалды интеллект (ЭИ) – жеке тұлғаның табысты дамуы мен әлеуметтенуінің негізі болып табылатын көпқырлы құбылыс. Ол адамның эмоцияларды түсініп, басқару қабілетін сипаттайтын төрт негізгі компоненттен тұрады [3]. Бастауыш сынып мұғалімі бұл компоненттерді өзінің күнделікті педагогикалық іс-әрекетінде жүйелі түрде қолдануы қажет.

Сурет1



1. Өзін-өзі тану .

Бұл компонент адамның өз сезімдерін, ойлары мен мінез-құлқын тануынан басталады.

Баланың өз эмоцияларын (қуаныш, қорқыныш, реніш, қызығушылық т.б.) дұрыс атау және сипаттай алу қабілеті қалыптасуы керек. Өзін-өзі тану арқылы оқушы өз мінезіндегі күшті және әлсіз тұстарын түсініп, өзін тұлға ретінде қабылдауды үйренеді.

Мысалы, мұғалім балалармен «Мен қазір не сезіп тұрмын?» немесе «Бұл жағдайда мен не істеуім керек еді?» деген сұрақтар арқылы рефлексия жасауға баули алады.

2. Өзін-өзі реттеу .

Бұл – өз эмоцияларын, әсіресе негативті сезімдерді (ашу, ыза, реніш, қорқыныш) тиімді басқара білу қабілеті. Бастауыш сынып оқушылары жиі эмоциясын сыртқа тікелей білдіреді, сондықтан мұғалім балаларды тыныштандыру, ашуды сөз арқылы жеткізу, өз сезімін сурет, қимыл немесе тыныс алу жаттығулары арқылы реттеу жолдарын үйретуі маңызды. Өзін-өзі реттеу дамыған оқушы сыныптағы қиын жағдайларда сабыр сақтай алады және шешім қабылдауда асығыстық танытпайды.

3. Эмпатия

Эмпатия – басқа адамның сезімін түсініп, оның көңіл-күйіне ортақтаса білу қабілеті. Бұл қасиет адамгершілік пен толеранттылықтың негізін қалайды. Мұғалім балаларды өзге адамның орнында өзін елестетуге, достарының сезіміне бейжай қарамауға үйретуі тиіс. Мысалы, топтық ойындарда немесе әңгімелер талдау кезінде «Сен оның орнында болсаң, не істер едің?» деген сұрақтар қою арқылы эмпатиялық ойлауды дамытуға болады.

4. Әлеуметтік дағдылар.

Бұл – баланың қарым-қатынас орната білу, достық байланыстарды сақтау, топпен жұмыс істеу және дау-дамайларды бейбіт жолмен шеше алу қабілеті. Әлеуметтік дағдылар арқылы оқушы ұжым ішінде өз орнын табады, бір-біріне құрметпен қарауды және келісімге келуді үйренеді. Мұғалім бұл бағытта жұптық және топтық тапсырмалар, пікірталастар, бірлескен жобалар ұйымдастыру арқылы оқушылардың коммуникациялық мәдениетін қалыптастыра алады.

Осы төрт компонент өзара тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Егер бастауыш сынып мұғалімі сабақтарында бұл бағыттарды **кешенді түрде** дамытса, оқушылардың эмоционалды саулығы мен оқу жетістігі артып, сыныпта **жылы психологиялық климат** орнайды.

III. Бірінші қадам: Сезімдерді тану және атау

Эмоционалды интеллектті дамытудың алғашқы және ең маңызды сатысы – **сезімдерді тану мен оларды дұрыс атау** [1]. Бұл үдеріс «эмоционалды сауаттылықтың» (эмоциялық лексиканың) негізін қалайды. Егер бала өз басынан кешіп жатқан сезімді нақты ажыратып, оны сөзбен жеткізе алмаса, онда ол эмоциясын басқару немесе өзгелердің көңіл-күйін түсіну қабілетін де дамыта алмайды.

Бастауыш сынып кезеңінде эмоцияларды үйрету баланың **өзін-өзі тануына, эмоциялық тұрақтылықтың** қалыптасуына және қарым-қатынас мәдениетінің дамуына әсер етеді. Мұғалім бұл жұмысты ойын, сурет, қимыл және сөз арқылы жүйелі ұйымдастырғаны тиімді.

Эмоционалды сауаттылықты дамыту әдістері:

1. «Эмоциялар сөздігі» әдісі.

Әр сабақтың басында немесе арнайы рефлексия уақытында оқушылармен бірге негізгі эмоцияларды («қуаныш», «реніш», «ашу», «танғалу», «қорқыныш», «ұялу», «мақтаныш» т.б.) талқылау ұсынылады. Балалар эмоция атауын айтып, оның қандай жағдайда пайда болатынын мысалмен түсіндіреді. Мұғалім әр эмоцияның **мимикадағы, дауыс ырғағындағы және дене қимылындағы көрінісін** көрсетіп, балалардан қайталауын сұрайды. Бұл тәсіл баланың эмоционалды сөз қорын байытады және өз сезімін ашық жеткізуге мүмкіндік береді.

2. «Сезімдер дөңгелегі» немесе «Эмоциялар картасы».

Сынып бұрышында түрлі эмоцияларды бейнелейтін суреттер немесе пиктограммалар орналастырылады. Мұғалім балаларға:

- «Қазір сен қандай сезімдесің?»
- «Осы сезімге ұқсайтын суретті көрсетші?»
- «Қай кезде сен осылай сезінесің?»

деген сұрақтар қою арқылы балалардың ішкі күйін тануға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс баланың өз сезімін тануға, сонымен қатар өзгелердің эмоциясын түсінуге және эмпатияны дамытуға бағытталған .



3. «Күнделікті эмоция» жаттығуы.

Күн соңында оқушылардан бүгін бастан өткерген ең маңызды бір эмоцияны сурет салу, түспен белгілеу немесе бір сөйлеммен жазу сұралады. Мысалы: «Бүгін мен қуандым, себебі менің суретімді мақтады». Мұндай жаттығулар оқушылардың **рефлексия жасау, өз эмоциясын бақылау және күнделікті сезімдік тәжірибесін түсіну** қабілеттерін дамытады.

IV. Екінші қадам: Өзін-өзі реттеу және басқару

Эмоционалды интеллекттің маңызды құрамдас бөлігі – **өзін-өзі реттеу** (саморегуляция) [1]. Бұл қабілет баланың өз эмоциясын бақылап, оны тиісті жағдайда дұрыс бағытта қолдана білуімен сипатталады. Бастауыш сынып оқушысы үшін ашу, реніш, қорқыныш сияқты күшті сезімдерді басқару оңай емес, себебі бұл жаста эмоционалды тұрақтылық пен өзін-өзі бақылау әлі толық қалыптаспаған. Сондықтан мұғалімнің міндеті – оқушыларға **негативті эмоцияларды женудің тиімді және қауіпсіз тәсілдерін** үйрету.

Өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту баланың:

- стресс жағдайында сабыр сақтауына,
- жанжал кезінде дұрыс шешім қабылдауына,
